

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ф.Ш. Оразбаева, Н.А. Оразахынова

ФОНЕТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Оқу құралы



Алматы, 2011

Пікір жазғандар:

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты **Ж.Ноғайбаева**,
Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы **Ж.Н.Сүлейменова***

Баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жанындағы “Білім” тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған (№15 хаттама 10.06.2011 ж.)

Оразбаева Ф.Ш., Оразахынова Н.А.

Фонетикалық бірліктерді сатылай кешенді талдау: *Оқу құралы.* – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. -94 бет.

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орнында оқылатын фонетика саласын тілдік қатысым теориясының: оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттері негізінде “Сатылай кешенді талдау” технологиясы бойынша жазылған.

Берілген талдау үлгілері студенттердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге арналған. Сонымен қатар оқу құралында ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар студенттердің қызығушылығын арттырып, танымдық дүниелерін кеңейтуге бағытталған.

Оқу құралы қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушыларына, студенттерге, мектеп мұғалімдеріне, магистранттар мен оқытушыларға арналған.

Оразбаева Ф.Ш., Оразахынова Н.А., 2011
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011

КІРІСПЕ

Ұлттық білім үлгісінің басты бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жандүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген қиын жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Сондықтан ЖОО-да оқытылатын пәндердің оқу кешендері осы талаптар тұрғысында жазылу қажет. Ал ол қажеттілікті өтеудің бірден-бір жолы – білім беру технологиялары екендігін тәжірибе дәлелдеп отыр. Ол үшін студент университет қабырғасында жүріп білім беру, педагогикалық, ақпараттық технологиялармен жете танысып, олармен жұмыс жасауға машықтануы тиіс. Соңғы жылдары ЖОО-да бұл жағынан ізденістер бар, студенттерге арналған оқу кешендері арнайы белгілі бір технологияны басшылыққа алып жазылуда. Бұл бүгінгі кредиттік технологияның талаптарын орындауға өте тиімді.

Сіздерге ұсынылып отырған бұл еңбек – “Фонетикалық бірліктерді сатылай кешенді талдау” атты оқу құралы. Оқу құралы бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жүйесіне жаппай еніп отырған “Сатылай кешенді талдау” технологиясымен жазылған.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау білім алушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сол арқылы басқа пәндерді жоғары деңгейде меңгеруге негіз қаланады. “Сатылай кешенді талдау” технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар білім алушының жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді талдауда білім ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін студент өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін

сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясында оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – білім алушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық студенттің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Сондай-ақ технология тілдік бірліктерді жүйелі орналастырылуы, теориялық материалдарды ғылыми тілде баяндауға негізделуі, дидактикалық материалдарды ұлттық құндылықпен байланыстыра берілуі т.б. жетістіктерімен ерекшеленеді. Сондықтан да негізгі оқулығымен қатар осы оқу құралы арқылы қосымша білім алған студенттер ғылыми курстардан берілетін білімдерді сауатты, қызығушылықпен меңгеріп, әртүрлі бағытта шығармашылық, ғылыми жұмыстар жасай алатындығын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Практикалық тұрғыдан жетік игерілмеген білім құр жаттандылыққа ұрындырады. Есте ұзақ сақталмайды. Талдап, саралап, жинақтап меңгерту сатылай кешенді талдаудың басты белгісі болып табылатындығын оқу құралының өн бойынан аңғаруға болады. Атап айтар болсақ, фонетикалық талдау мына төмендегідей екі бағытта жүргізіледі: а) сөзсазындық талдау, ә) дыбыстық-фонетикалық талдау. Фонетикалық бірліктерді сауатты, әуезді талдап үйренген студенттің сөйлеу, жазу мәдениеті жоғары болады және тіл білімінің басқа салаларын сатылап, талдап меңгеруге негіз қаланып, талдау жұмысын жүйелі жүргізуге машықтанады. Бұл оқу құралы қазақ тілін тереңдетіп оқытатан мектеп оқушыларына, колледж, ЖОО-ның студенттеріне, магистранттар мен аспиранттарға, мұғалімдерге, фонетика және әдістеме саласы бойынша зерттеуші жас ғалымдарға арналған.

Фонетика дыбыстың үш жағын қамтиды: а) анатомия-физиологиялық (немесе биологиялық - жасалу); ә) акустикалық (немесе физикалық - естілу); б) лингвистикалық (немесе функционалдық - қызметі) десек, фонетикалық материалдарды сатылай кешенді талдау оның осы қасиеттерін басшылыққа ала отырып екі түрлі жолмен жүргізіледі:


1. Сөзсазындық (фонологиялық) талдау.
2. Дыбыстық-фонетикалық талдау жасау.

Тіл білімінің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларын талдауды сауатты, жүйелі, бірізділікпен жүргізуде арнайы алгоритм басшылыққа алынады.

Ғалымдар зерттеулерінде алгоритмге төмендегідей анықтама беріледі: **Алгоритм дегеніміз** – кейбір бірыңғай тапсырмалар жүйесінің ішінен кез келген нақтылы тапсырманы таза механикалық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін ережелер жиынтығы. Басқаша айтқанда, алгоритм берілетін ережелердің сабақтастығы. Мұны орындау дұрыс нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

**Фонетикалық талдауда төмендегі шартты белгілер
басшылыққа алынады**

- О – жалпы дыбыс
- – дауысты дыбыс
- Δ – дауыссыз дыбыс
- Ø – жоқ деген белгі
- U – қосудың белгісі
- / – бөлшектің белгісі
- х – дауысты дыбыс
- у – дауыссыз дыбыс
- а.б. – □ ; Δ□ – ашық буын
- т.б. – □Δ – тұйық буын
- б.б. – Δ□Δ – бітеу буын




Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Дауысты дыбыстардың жіктелуі

а) Тілдің қатысына қарай:



Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл алға қарай созылып, үсті сәл төмендейді.


Құрбылармен сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

Берілгені: Құрбылармен сөзінде қанша дыбыс бар? Оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

Шешуі: Құрбылармен сөзінде 11 дыбыс бар. Оның төртеуі – олар: ұ, ы, а, е дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады. Жетеуі – олар: қ, 2 р, б, л, м, н дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

□ а) Тілдің қатысына қарай төрт дауысты дыбыстың үшеуі – олар: ұ, ы, а тіл арты немесе жуан дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді. Біреуі – ол: е тіл алды немесе жіңішке дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:




Ұстаздықпен сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

Берілгені: ұстаздықпен = 0 = $\frac{\square}{\Delta}$ = ?

Шешуі: ұстаздықпен = 110 = $\frac{4 \text{ (ұ, а, ы, е) дауысты } 0}{7 \text{ (с, т, з, д, қ, п, н) дауыссыз } 0}$;

Себебі... Себебі...

ә) **Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:**



б) Ерін мен езудің қатысына қарай үш дауысты дыбыстың үшеуі де олар: **а, ы, е** езулік дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады. Сөзде еріндік дауыстылар жоқ.

Дауысты дыбыстардың жазылу емлесі

◆ 1. **А, е, ы, і** әріптері сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *ал, қала, шағала, ер, ересек, ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ, іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс, т.б.* Осының ішінде **ы** мен **і** дыбыстарының жағдайы өзгеше, мәселен, соңғы буынындағы **ы, і** дауыстылары бар сөздерге дауысты дыбыстардан басталатын қосымша жалғағанда, кейде **ы** мен **і** әріптері түсіп қалып жазылады. Мысалы: *әріп – әрпі, ерін – ерні, көрік – көркі, ойын – ойны, алты – алтау, үрік – үркек, жеті – жетеу, тасы – тасу, қоры – қору, оқы – оқу, кемі – кему, т.б.*

Бұл дыбыстар екі дауыстының аралығында келгенде көмескі естілуіне байланысты жазуда қиындық келтіретін де жағдайы бар. Мысалы, «қорытынды» сөзін кейде «қортынды» деп жазып жүр, сол сияқты «мәлімет» сөзін «мәлмет» деп жазып қою кездеседі. Бұл дыбыстарды орыс тілді ағайындар, орыс тіліндегідей дыбыстап, күні бүгінге дейін *Алматы, Қарағанды, Атырау* сияқты сөздерді мүлде қате айтады. Сондықтан, бұл дыбыстарды айтуда өте көмескі немесе түсіріп айтса, дұрыс айтылады. Мәселен, «Алматы» сөзіндегі соңғы «т» дыбысының айтылуымен тоқтаса болғаны – **т, д** дыбыстарынан кейінгі **ы** көмескі түрде естіледі, ал сөз ортасында оларды түсіріп айтса да жеткілікті. Әрине, жазуда олар сақталып жазылуы керек.


◆ 2. **О** әрпі де сөздің басқы буынында жазылады. Мәселен, *орақ, отан, олар, орын, бюро, бос, сол, доп.* **О**-ның соңғы буында келуі қазақ тіліндегі сөздерде емес, орыс тілінен енген сөздерде ғана кездеседі. Мұнда ескеретін жай орыс тілінің әуезімен екпін түспеген буында **о, а** болып айтылып жүр. Сондықтан, қазақтың көп сөздері мағынасынан мүлде айрылып барады. Мысалы: *Олжас – Алжас, Орман – Арман, Отырар – Атырар, т.б.* Өкінішке орай, қазақ тілінде жап-жақсы сөйлейтіндердің өзі осылай айтуға көше бастағаны байқалады.

жиналыс
тарихи
саяси
оқиды

ширек
кемиді
іриді
жібиді

ә) **И** әрпі тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жалаң **и** дыбысының орнына жазылады. Мысалы: кино, пионер, бригадир.

Ескерту: қосарлы **ый** дыбыстары сый, тый түбірлі сөздер мен осы түбірлерден жасалған туынды сөздерде ғана жазылады, яғни бұл сөздер жоғарыда аталған **и** дыбысының ережесіне бағынбайды:




Сый сөзі мұнда «сыйлық» және *сыю* (ену) мәніндегі ұғымды білдіруі керек те, *тый* сөзі «тый, тыю (тоқтату)» мәнінде жұмсалуды қажет. Сондай-ақ, «сыю» мағынасындағы сөздерде де *сый* сақталуы керек: *Ол машинаға сыйып кетті, мен сыймай қалдым.*

◆ 6. **Ё** әрпі тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Ол орыс тілінде екі дыбыстың таңбасы ретінде жұмсалады. Мысалы:




Ю дыбысы да қос дыбыстың таңбасы:



◆ 7. **Ю** әрпі орыс тілінен енген термин сөздерде және қазақ сөздерінде де жазылады: Ал **ю** әрпі жазылмай, *иу*, *йу* дыбыстары сақталып жазылатын сөздер мыналар: *айуан, хайуанат, кейуана, хиуа, миуа.*

◆ 8. **Я** әрпі де барлық буындарда – орыс тілінен енген сөздерде де, қазақ сөздерінде де жазылады. Бұл да қос дыбыстың таңбасын белгілейді:



Қазақтармен сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру

Берілгені: Қазақтармен сөзінде қанша дыбыс бар, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

Ол былай өрнектеледі:

$$\text{Берілгені: Қазақтармен } = 0 = \frac{\square}{\Delta} = ?$$

Шешуі: Қазақтармен сөзінде он бір дыбыс бар. Оның төртеуі – олар: **3 а, е дауысты дыбыстар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай ауа еркін шығады. Жетеуі – олар: **2 қ, з, т, р, м, н дауыссыз дыбыстар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$$\text{Шешуі: Қазақтармен } = 110 = \frac{4 \text{ (3 а, е) дауысты } 0}{7 \text{ (2 қ, з, т, р, м, н) дауыссыз } 0}$$

□

а) **Тілдің қатысына қарай** төрт дауысты дыбыстың үшеуі – олар: **3 а тіл арты немесе жуан дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді. Біреуі – ол: **е тіл алды немесе жіңішке дауысты дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

Ол былай өрнектеледі:

3 (3 а) тіл арты немесе жуан □

4□ = _____ ;

1 (е) тіл алды немесе жіңішке □

- ә) **Жақтың ашылу дәрежесіне қарай** төрт дауысты дыбыстың үшеуі – олар: **3 а ашық дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ кең ашылып, ауа еркін шығады. Біреуі – ол: **е жартылай ашық дауысты**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда жақ жартылай ашылып, ауа еркін шығады. Сөзде қысаң дауыстылар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

3 (3 а) ашық □ + 1 (е) жартылай ашық □

4□ = _____ ;

□∅

- б) **Ерін мен езудің қатысына қарай** төрт дауысты дыбыстың төртеуі де олар: **3 а, е езулік дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады. Сөзде еріндік дауыстылар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

□∅

4□ = _____ ;

4 (3 а, е) езулік □

1-жаттығу.

Мына сөздердегі дауысты дыбыстарға жазбаша жоғарыдағы үлгі бойынша математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер: түркілер, өзбектер, қырғыздар, орыстар.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар, өздеріңізге ұнаған шумақтарын жаттап алыңыздар. Қарамен көрсетілген сөздердегі дауысты дыбыстарға жазылым бойынша математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер.

Тіл тағдыры

Алып-ұшпа, ақылға кел, арын бас,
Заман зары, адам мұңы сарындас...
Қапы қалмау үшін **ұрпақ** алдында
Қазақ тілін қасиет тұт, қарындас!

Азап, сордың арқалап ең ауырын,
Көріпкел боп сөйлетсең де жауырын.
Өткелі жоқ, тап болсаң да өзенге,
Өз тіліңді өнеге тұт, бауырым!

Азат күнде еркін қанат қағайын,
Арманыма алтын сырға тағайын...
Ақ **бесікте** бойға қуат дарытқан,
Арда тілді арың сана, ағайын!

Атқан таңмен ашық-жарқын амандас,
Ата-тексіз адам заты жаралмас...
Алмағайып сын сәттерде жалт бермей,
Ана тілдің туын көтер, замандас!

Тізгініңді шығарма тек уыстан,
Тілден тауып, талай көңіл суысқан.
Тар кезеңде таңдайға нәр тамызар,
Туған тілдің киесін ұқ, туысқан!

Әділғазы Қайырбеков

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар. Асты сызылған сөздердегі еріндік, езулік дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер.

Қазақ хандығының қилы кезеңі

Дербес елге айналған Қазақ хандығының нығая түсуіне шығыста 1635 жылы Батыс Моңғолияны мекендейтін, Ойрат одағына кіретін тайпалардың бірігіп, Жоңғар (Сол қанат) хандығын құруы және бұл мемлекеттің о бастан-ақ қазақ жеріне көз тігуі Қазақ хандығының тәуелсіздігіне үлкен қауіп төндірді. Бұл тұста қоңырат Алатау, алшын Жиёмбет, шапырашты Жанай мен Қарасай, Әйтей, арғын Қомпай және Ағынтай, найман Көксерек, қаңлы Сарбұқа, дулат Құдайберді, Жақсығұл, суан Елтінді батырлардың тайпалық жасақтары қазақ ханы Есімнің көрсеткен үлгісімен қазақ жерін қорғауға бел шеше кірісті.

Қазаққа қатты өшіккен көшпелі мемлекеттің алғашқы билеушісі Батыр қоңтайшы болды. Ол Тарбағатай тауының бөктерінде 1640 жылы құрылтай шақырып, онда барлық Ойрат тайпаларына ортақ “Цааджин бичиг” (Дала ережесі) деп аталатын заң қабылдады. Батыр көрші жатқан Қазақ хандығының тамырын басып көру үшін сол тұстағы қазақтың найман Тоқымтай (Төртқара) би, арғын Нұрқожа би, шапырашты Дәулет би тәрізді ірі билерін де осы құрылтайға қонаққа шақырып, олардың иықтарына

екіжүзділікпен шапан жапты да, көп кешікпей-ақ тас құдайға табынушылардың қазақ жеріне қанды жорықтарын қайта бастап берді. 1643 жылы еңсегей бойлы ер Есімнің ұлы Жәңгір асығыс жиналған азғана қолмен Орбұлақта Батыр қоңтайшының 50 мыңдық әскеріне қарсы соғысуға мәжбүр болды. Алшын Жалаңтөс батырдың бастауымен Алты ата Әлім руларынан жасақталған 20 мың сарбаз келіп жетпегенде, қазақтар қиын жағдайда қалатын еді.

Бірбеткей де қайсар Жәңгірді халық құрметтеп “Салқам Жәңгір” атандырды. Алайда Жәңгірдің қалмақпен жекпе-жекте қайтыс болуы жағдайды ушықтырып жіберді. 1653 жылы қайтыс болған Батур қоңтайшының орнына таққа таласқандар арасынан жеңіске жеткен Қалдан Бошоқты қазақтарға қарсы жаңа соғысты жалғастырды. Ол 1680 жылы Жаркент қаласын басып алып, батысқа жылжиды. Алайда 1681 және 1683 жылдары оның әскерлері Сайрам қаласын жанталасып қорғаған қожалар мен дулаттың Сиқым, Ботбай тәрізді аталарынан жасақталған сарбаздардан оңбай жеңілді.

Осы тұста жоңғарлардың өзара алауыздығы өрши түсіп, олардың біразы батысқа қоныс аударып, Еділ мен Жайық арасын қоныс етті. Мұның өзі қалмақтардың батыстағы қазақтарға жортуылдарының басталуына жол ашты. Осылайша, қазақтар екі жақты қыспақта қалды. 1685 жылы Қалдан Бошоқтының қолбасшысы Сеуан Рабдан Сайрам қаласына үшінші рет жорық жасап, қаланы басып алып, халқын аяусыз қырды. Бұл жолы қалмақтар айтарлықтай табыстарға жете тұрса да, шапырашты Қарасай, арғын Арғынтай, найман Көксерек, қаңлы Сарбұқа батырлардың тайпалық жасақтарына кездесіп қалудан қаймығып, Тәуке хан отырған Түркістан қаласын маңайлауға бата алмай қайтып кетті.

Жоңғарларға қоңтайшы болған соң Сеуан Бардан қазақ жеріне 1711-1712, 1714, 1717-1718 жылдары біреше дүркін ауыр жорық жасады. Әрі Қазақ хандығымен, әрі Цинь империясымен болған қатыгез соғыстар ақырында жоңғарлардың өздерін тұралатты. Оның үстіне “жығылғанға – жұдырық” дегендей, осының алдында үш жыл бұрын қатты қыстың салдарынан болған қырғын жұт оларды тағы да ойсыратып кетті. 1717 жылы Тәуке қайтыс болған соң, қазақтың төбе билері оның ұлы Болатты таққа отырғызды. Тәукенің өлімі ата жау – жоңғарлардың еңсесін тіктеп, оларды қазаққа қарсы жорыққа қайта ынталандырды.

Алғаш жоңғарлар Қаратау бағытында Ұлы жүз рулары мекендейтін аймақтарға ауыз салды. Осы маңда қазақтың Үш жүзінің хандарының (Әбілқайырдың, Жолбарыстың, Болаттың) аралары жақын орналасқан еді. Қазақтар осындағы өзендер бойында қорған қамалдар салып, жоңғар әскерлерін осындай бекіністер маңында күтіп алды. Бұл шайқастарда қазақ батырлары ерекше ерлік көрсетті. Бірақ мұндай ерліктер рулық батыраңқылықты жоя алған жоқ. Рулық батырлардың соңынан ілескен асығыс жасақталған қазақ жасақтары тонаушылық соғысқа алдын-ала дайындалып, зеңбірек сүйретіп, тығыз топтасқан қалмақ әскерлеріне тұрақты қарсылықтар көрсетуде қауқарсыздық танытты. Оның үстіне, осындайда Үш

жүздің басын қосып, ортақ мақсатқа берік ынталандыратын Тәуке ханның орны үнірейіп тұрды. Оның тағына отырған Болаттың билігі босаң болып, ол қазақтарды қанағаттандырмады. Осындай әлсіздік Әбілқайыр басқарған қазақ қолдарының 1718 жылы Аягөз шайқасында жеңіліп қалуларына алып келді. 1722 жылы шығыстағы Цинь империясының боғдыханы Кансидің қайтыс болуы және осыған байланысты олардың жоңғарларға өздерінің саясатын өзгертіп, бітімге келуді ұсынулары Жоңғар хандығын күшейте түсті. Сондықтан да қоңтайшы Сеуан Рабданның жинаған 30 мың адамнан тұратын әскерін бастаған оның баласы Шоно Лоузан 1723 жылы ерте көктемде Шу мен Талас өңіріне басып кірді. Жау Дулат руларын және оларды қолдаған Ысты, Ошақты тайпаларын жаппай қырғынға ұшыратып, олар Ташкентке қарай шегінуге мәжбүр болды.

1724 жылы Әбілқайыр мен Сәмеке хандар басқарған батырлар қасиетті Түркістанды жау қолына бермеу үшін жанталаса күресті. Алайда зеңбіректен атқылаған жоңғарлар қала қорғанын тас-талқан етіп қиратты. Қазақ рулары соңдарына түскен қалмақ жасақтарынан бас сауғалап, Ташкенттің айналасына да тұрақтай алмай, Ходжент маңына және Шығыс Бұқарадағы Нұратаға дейін көшіп барды. Бұл қасірет “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деген атпен халық жадында сандаған ғасырлар бойы сақталып қалды. Десек те, қазақ батырлары туған жер үшін қалмақтармен жан аямас соғыстарға барды. Үлкенді-кішілі осындай көптеген шайқастар болған жерлер тарихқа “Қалмаққырылған” деген атпен енді. Олардың ішіндегі ең ірілері Бұлантыдағы және Аңырақайдағы ұрыстар болды.

Бұларда Қабанбайдың, Бөрібайдың, Ақтамбердінің жасақтары жауды жапырып жеңді. Алайда өңмендеп алға ұмтылған жоңғарлар 1739 жылы Орта жүзге басып кіріп, арғын, керей, уақ тайпаларын едәуір қырғынға ұшыратты да, көп кешікпей Ташкент және Түркістан бағыттарына қарай ойысып, Орта жүз ханы Әбілмәмбетті Кіші жүз аймағындағы Елек және Жайық өзендері аралығындағы аймаққа шегінуге мәжбүрледі. Осы тұста Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Тама Есет, Уақ Баян, Табын Бөкенбай, Шақшақ Бөгембай, Сүйіндік Олжабай, Бәсентиын Малайсары, Тарақты Байғозы, Тобықты Мамай, Атығай Құлсары, Құлеке, Жәпек, Аңдықожа бастаған жасақтар жанқияр ерліктерімен ерекше көзге түсті.

Жоңғарларға Қалдан Серен хан болған тұста (1727-1745) Ұлы жүз рулары қоқандықтармен бірігіп, қалмақтарға қарсы қуатты одақ құра білді. Бұған қырғыздар қосылып, енді Ұлы жүз жерін жайлаған қалмақтардың тым-тырақай қашулары басталды. 1750 жылдан соң жоңғарлардың зайсандарының таққа таласқан ішкі тартыстарын Абылай хан (1734-1781) ептілікпен пайдалана білді. Батырларға сүйенген Абылай хан Ұлы жүз жеріне таласқан қырғыз руларын да бағындырды.

Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуда Асы (Түркістан) маңындағы Күлтөбедегі жиындар, 1710 жылы шақырылған Қарақұм кеңесі, 1726 жылы болып өткен Ордабасыдағы жиын, 1730 жылғы Ұлытау жиыны, 1752 жылғы Ұлытау кеңесі, 1762 жылғы Қарқаралы құрылтайы үлкен рөл атқарып, қазақтың “етек-жеңі” жиналған ынтымақшыл ұлтқа айнала

бастағанын көрсетіп берді. Қазақтың басын қосуда осындай қилы кезеңде жалпыұлттық деңгейдегі үйсін Төле би, қаракесек Қазбек би, алшын Әйтеке би көсемдік, қайраткерлік тұлғаларымен халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оларды тайпалық деңгейдегі найман Ақылбай би, Қарақалпақ Жаңгел би, шапырашты Қазбек бек, Қырғыз Төлекей би, төртқара Тауқымет би, ысты Нұрмамбет би, жалайыр Жолбарыс би, албан Сырымбет би тәрізді көптеген халықтық тұлғалардың қолдауы қазақты біріктіре түсті.

Талас Омарбеков

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Даналар айтқан пікірлерді дәптерлеріңізге көшіріп жазып, ойға тоқып алыңыздар.

Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!

Н.Назарбаев.

Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде мен туған халқымның ынтымақ пен ауызбіршілік танытарына сенемін.

Сіздер өздеріңіз бас болып өзге отандас ағайындарға ұйытқы болыңыздар. Әрдайым кеңдік пен кемеңгерлік, сабырлылық пен іскерлік көрсетіңіздер.

Н.Назарбаев.

Қазақ халқы – талантты халық. Біз математика мен механикадан дүниежүзі ғалымдарының назарын өзімізге аударуға тиіспіз.

О.Жәутіков.

Бізді сыртан келіп ешкім жарылқамайды, жарылқаса қазақты қазақ ғана жарылқайды. Ел қамы, халық тағдырына қатысты істерді пейіште де, тозақта да бірге көруге тиіспіз... Опық жесек, қорлық көрсек – аңқаулығымыздан, ақкөңілдігімізден, сенгіштігімізден, жікшілдігімізден, алауыздығымыздан көрген елміз. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе қосқанымыз жөн болады. Қазаққа осы ғана жарасады, бауырым!

М.Жолдасбеков.

Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Сөйлей білмеген адам – күлдірем деп күйдіреді, сүйіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантам деп құлатады, келтіремін деп кетіреді, еміретемін деп егілтеді, жұбатамын деп жылатады. Сөйтіп, тілін білмеген түбін білмейді.

Ғ.Мүсірепов.

Δ – дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

$$24\Delta = \frac{12 \text{ (к, к, п, т, с, ц, ф, ш, щ, х, ч, һ) қатаң } \Delta + 7 \text{ (б, в, г, ғ, д, ж, з) ұяң } \Delta}{5 \text{ (р, л, м, н, ң) үнді } \Delta}$$

Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұр.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

Тәуелсіздігіміз сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

$$\text{Берілгені: тәуелсіздігіміз} = 0 = \frac{\square}{\Delta} = ?$$

$$\text{Шешуі: тәуелсіздігіміз} = 150 = \frac{7 \text{ (ә, у, е, 4 і) дауысты } 0}{8 \text{ (т, л, с, 2 з, д, г, м) дауыссыз } 0}$$


Себебі... Себебі...

□ а) Тілдің қатысына қарай:


$$7\square = \frac{1 \text{ (у) тіл арты немесе жуан } \square}{6 \text{ (ә, е, 4 і) тіл алды немесе жіңішке } \square}$$

Себебі... Себебі...

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:




б) Ерін мен езудің қатысына қарай:



Δ а) Үн мен салдырдың қатысына қарай сегіз дауысты дыбыстың екеуі олар: **т, с** қатаң дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұр. Төртеуі – олар: **2 з, д, г** ызың дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым. Екеуі – олар: **л, м** үнді дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

ә) Айтылу (жасалу) тәсіліне қарай:



бірімен жуысып, ауа сүзіліп шығады. Біреуі – ол: **р** діріл дауыссызы. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа дірілдеп шығады. Екеуі – олар: **м, н** мұрын жолды дауыссыздары. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ауа мұрын арқылы шығады. Сөзде ауыз жолды дауыссыздары жоқ.

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:

24 $\Delta = 3$ (б, п, м) ерін $\Delta + 4$ (з, с, ж, ц) тіс $\Delta + 2$ (в, ф) ерін мен тіс $\Delta + 6$ (л, н, р, ш, щ, ч) тіл алды $\Delta + 2$ (к, г) тіл ортасы $\Delta + 4$ (қ, ғ, ң, х) тіл арты $\Delta + 2$ (т, д) тіл мен тіс $\Delta + 1$ (h) көмей Δ .

Тұлғалардың сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

Берілгені: тұлғалардың $= \frac{\square}{\Delta} = ?$

Шешуі: тұлғалардың $= 110 = \frac{4 \text{ (ұ, 2 а, ы) дауысты } 0}{7 \text{ (т, 2 л, ғ, р, д, ң) дауыссыз } 0}$;

Себебі... Себебі...

а) Тілдің қатысына қарай:

$4\square = \frac{4 \text{ (ұ, 2а, ы) тіл арты немесе жуан } \square}{\square\emptyset}$;

Себебі...

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:

$4\square = \frac{2 \text{ (2а) ашық } \square + \square\emptyset}{2 \text{ (ұ, ы) қысаң } \square}$;

Себебі... Себебі...

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

1 (ұ) еріндік □ → Себебі...
4□ = _____;
3 (2а, ы) езулік □ → Себебі...

Δ

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

7Δ = $\frac{1 \text{ (т) қатаң } \Delta + 2 \text{ (ғ, д) ұяң } \Delta}{4 \text{ (2л, р, ң) үнді } \Delta}$

Себебі... Себебі... Себебі...

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай:

7Δ = $\frac{2 \text{ (т, д) шұғыл } \Delta + 1 \text{ (ғ) ызың } \Delta}{1 \text{ (р) діріл } \Delta + 2 \text{ (2л) ауыз жолды} + 1 \text{ (ң) мұрын жолды } \Delta}$

Себебі... Себебі... Себебі... Себебі... Себебі...

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:

7Δ = 3 (2л, р) тіл алды Δ + 2 (ғ, ң) тіл арты Δ + 2 (т, д) тіл мен тіс Δ.

Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылу емлесі

◆ 1. **Й, л, м, н, ң, р, у** үнді дыбыстары барлық буындарда қалай естілсе, солай жазылады, тек қана **й** дыбысы мен **ң** дыбысының жазылуында сәл ерекшелік бар.

Қысқа **й** дыбысы (әріп) қысаң **ы, і** дыбыстарынан басқа дауыстылардан кейін ғана жазылады. Бірақ сый, тый түбірінен өрбіген сөздерде жазылатынын ескерген жөн. Мұнда *тый* сөзі «тоқтат, қой» дегенді, ал *сый* «құрметтеу» және «қой қораға сыймады» деген мағынада жұмсалып тұруы шарт. Мәселен, *сирақ, сидаң, сипат* сияқты сөздерде **ы, і** дыбыстары жазылмайды. Сонда, **й** дыбысының жазылу емлесін мына төмендегіше жинақтап көрсетуге болады.

Қысқа й жазылу дыбысының емлесі			
Дауысты дыбыстардан кейін			
Тый, сый	Сөздің басында	Сөздің ортасында	Сөздің аяғында
тыйылдар тыйылу тыйған сыйлық сыйлады сыйды	Йемен, йод дегенді бірді- екілі сөздерде ғана	Айғаным Айша аяйды	ай эй күй санаторий сценарий

Ң әрпі сөздің басында еш уақытта жазылмайды. Мысалы: *қатаң, әрең, аңыз, аңғырт, доңыз, т.б.*

Ң әрпінің жазылуында да, айтылуында да қиындық бар. Жеке сөздердің соңындағы **ң** дыбысы естілуі бойынша ғана жазылады. Ал қалған жағдайда жіктік жалғауының, тәуелдік жалғауының **ІІ** жағынан кейін келетіні үнемі ескерілуі керек. Сондай-ақ ілік септігінің жалғаулары **ң** дыбысына аяқталатындарын естен шығармаған жөн.

Л, р дыбыстары да сөздің басында келе бермейді, келе қалған жағдайда, олардың алдынан айтуда **ы, ұ** дыбыстары қолданылады, жазуда оны елемейміз. Мысалы: *лай, лаж, лақ, лас, ләм, разы, рақмет, реніш, риза, рұқсат* сөздерін (араб, латын жазулары кезінде) қазан төңкерісінің алдында *ылай, іреніш, ыразы, ұрықсат* деп айтылып та, жазылып та келген болатын.

У әрпі дауысты дыбыстардың алдынан да, соңынан да келе береді. Қалай естілсе, солай жазылады. Мысалы, *уақыт, жауап, сау; уәде, кеуіп, бау; Уәли, тауып, тау.*

◆ **2. Б, в, г, ғ, д, з, һ** ұяң дауыстылар да сөздің барлық буындарында қалай естілсе, солай жазылады. Мысалы: *бай, вазелин, устав, гүл, ендігі, галым, жаңғақ, дабыл, снаряд, кідіру, эпизод, жабық, зейін, төз, сөз, қаһарман, гауһар, уһледі.*

Осындағы **б, в, г, д** дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінің соңында келмейді. Бұлар тек қана орыс тілінен енген термин сөздердің аяғында жазылады. Мысалы: *снаряд, наряд, педагог, устав, актив, клуб, штаб.* Оларға қазақ тілінің қосымшалары қатаң дыбыстан басталып жалғанады. Өйткені сөздің аяғында келген бұл дыбыстар орыс тілінің өзінде айтуда қатаң дыбыс болып айтылады. Соңғы кезде бұл дыбыстарға аяқталған сөздер көп айтыла бермейді. Сонымен бірге «завод» сөзі «зауыт» болып жазыла бастады.

◆ **3. К, қ, п, с, т, ф, ц, ч, ш, щ** қатаң дауыссыздары да негізінен қалай айтылса солай, сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *кебек, қымыз, кейіпкер, қайрақ, пайдалы, фабрика, жапалақ, феодал, сабақ, цемент, егіс, мотоцикл, табақ, табиғат, жалт.*

Қ дыбысы жуан дауыстылармен тіркесіп, жуан буындармен ғана келетінін ескерген жөн, ал **к** дыбысы жіңішке сөздерде келеді.

Осындағы **ф, ц, ч** дыбыстары негізінен орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады.

Х мен щ әріптерінің жазылу емлесі	
Қазақ сөздерінде	Орыс сөздерінде
Хат, хал, халық, тарих, кітапхана, Ахмет, ащы, тұщы, кеше	Хлор, химия, хирург, бухгалтер, цех, архив, щетка, щи, борщ, Щорс

Тілімізде көбінесе **х** дыбысын қазақ тіліндегі байырғы **қ** дыбысымен ауыстырып алушылық байқалады. *Рақмет, рақат* сөздерін біресе **х**, біресе **қ** әріптерімен жазып жүреді. Бұл орфографиялық сөздіктерге бағынбаудан болу керек.

◆ 4. **Ь, ъ** белгілері дыбыс қатарына жатпайды. Бұлар қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *фильм, руль, асфальт, сентябрь, альбом, секретарь; разъезд, подъезд, съезд, адъютант, т.б.*

Жіңішкелік белгісі (**ь**) дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбысты ажыратып, көбінесе дауыссыз дыбыстың жіңішкелігін көрсетеді. Мысалы: *руль-ге, фильм-ге, секретарь-ға*. Орыс тілінде сөздердің жіңішке айтылуын дауыссыз дыбыстар белгілейді, ал қазақ сөздерінің жуан-жіңішке айтылуы дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне байланысты болады.

Ъ айыру белгісі дауыссыз бен дауысты дыбысты ажырату үшін қолданылады. Мәселен: *разъ-езд, подъ-езд, съ-езд, адъ-ютант, т.б.* Бұл белгі қазақ сөздерінде кездеспейді.

Жолдастықпен сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру

$$\text{Берілгені: Жолдастықпен} = 0 = \frac{\square}{\Delta} = ?$$

$$\text{Шешуі: Жолдастықпен} = 120 = \frac{4 \text{ (о, а, ы, е) дауысты } 0}{8 \text{ (ж, л, д, с, т, қ, п, н) дауыссыз } 0}$$

Жолдастың сөзіндегі дауысты дыбыстардың қысқаша жазылым бойынша талдану үлгісі:

а) Тілдің қатысына қарай:

$$4\square = \frac{3 \text{ (о, а, ы) тіл арты немесе жуан } \square}{1 \text{ (е) тіл алды немесе жіңішке } \square}$$

ә) *Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:*

$$4\Box = \frac{1 \text{ (а) ашық } \Box + 2 \text{ (о, е) жартылай ашық } \Box}{1 \text{ (ы) қысаң } \Box}$$

б) *Ерін мен езудің қатысына қарай:*

$$4\Box = \frac{1 \text{ (о) еріндік } \Box}{3 \text{ (а, е, ы) езулік } \Box}$$

Осы сөздегі дауыссыз дыбыстардың жазылым бойынша толық талдау үлгісі төмендегідей:

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай сегіз дыбыстың төртеуі – олар: **с, т, қ, п қатаң дауыссыздар**. Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұр; екеуі – олар: **ж, д ұяң дауыссыздар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым; екеуі – олар: **л, н үнді дауыссыздары**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

Ол былай өрнектеледі:

$$8\Delta = \frac{4 \text{ (с, т, қ, п) қатаң} + 2 \text{ (ж, д) ұяң } \Delta}{2 \text{ (л, н) үнді } \Delta}$$

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай сегіз дауыссыз дыбыстың төртеуі – олар: **д, т, қ, п шұғыл дауыссыздар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп шұғыл шығады; екеуі – олар: **ж, с ызың дауыссыздары**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауа сүзіліп шығады; біреуі – ол: **л ауыз жолды дауыссызы**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа ауыз арқылы шығады. Біреуі – ол: **н мұрын жолды дауыссызы**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа мұрын арқылы шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$$8\Delta = \frac{4 \text{ (д, т, қ, п) шұғыл } \Delta + 2 \text{ (ж, с) ызың } \Delta}{\Delta\emptyset + 1 \text{ (л) ауыз жолды } \Delta + 1 \text{ (н) мұрын жолды } \Delta}$$

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай алты дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: **д, т тіл мен тіс дауыссыздары**; екеуі – олар: **ж, с тіс дауыссыздары**; біреуі – ол: **қ тіл арты дауыссызы**; біреуі – ол: **п ерін дауыссызы**; екеуі – олар: **л, н тіл алды дауыссыздары**.

Ол былай өрнектеледі:

8Δ = 2 (д, т) тіл мен тіс Δ + 2 (ж, с) тіс Δ + 1 (қ) тіл арты Δ + 1 (п) ерін Δ + 2 (л, н) тіл алды Δ.

1-жаттығу.

Берілген сөздердегі дауыссыз дыбыстарға жоғарыдағы үлгімен жазбаша математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер: жолдастарымен, курстастарымен, көршілерімен.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар, өздеріңізге ұнаған шумақтарын жаттап алыңыздар.

Рух пен тіл

Әні автордікі

Табиғаттың өзгермейтін заңына бұр бетінді,
Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде.

Қайырмасы:

Ұлтсыздану заманында,
Тілің нарық табанында,
Көнбістік бар қадамыңда,
Рухыңды басып кетті қарын.
Тіліңді жоғалтсаң,
Діліңді жоғалтсаң } 2 рет
Жоғалтасың бәрін.

Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды,
Туған жерін сүймей тұрып сүймек емес ғаламды.
Өзге ананың мазмұнына, мерейіне тор құрар,
Алдыменен өз анасын сүйе алмаған сорлылар.

Қайырмасы:

Нарық-ғасыр бәрін сатып жібере ме алтынға,
Кім қалады сол алтынға сатылмайтын қалпында?
Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,
Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да.

Қайырмасы:

Мұхтар Шаханов

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, батаның берілетін орны, оның түрлеріне байланысты ой-толғам жасаңыздар.

Бата

... Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын сазгер, т.с.с. табиғат сыйлағандарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе өнерге ыңғайлы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасындағы белгілі бір би, атақты, ақын, аруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп. Бұл – батаның бір түрі.

Батаның тағы бір түрі – ас-дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту. Әрбір қонақ өзіне арналып сойылатын қойға батасын беріп және әр дастарқаннан кейін үй иесіне рахметін білдіріп отыруы шарт... Әдетте батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді және ол көбінесе өлең түрінде болып келеді...

Х.Досмұхамедұлы.

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Даналар сөзіне назар аударыңыздар, әдебиет, оның болашағы туралы шағын әңгіме жазыңыздар.

Рухани жағынан алғанда қазақ бойында үлкен қабілет дарыған халықтардың қатарына жатады. Олардың әдебиеті байлығымен де, мазмұндылығымен де ерекше көзге түседі.

Д.Клеменц.

... көркем әдебиет өнердің ішіндегі ең бір жетекші, белсенді түрі, өмір құбылыстарын жаппай қамти алатын саласы.

М.Қаратаев.

Әдебиет оқушының ақыл-сезімін тербелеп жетілдіруден басқа, сол оқушыға қазақ деген елдің өткендігісі мен бүгінгі пішінін танытуға керек.

М.Әуезов.

Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігінің, жандүниесінің ләззатшыл нәзіктігінің бірден-бір белгісі – көркем әдебиетті қол үзбей оқи білуі.

Е.Букетов.

Берілгені: Ана тілі = 0 = $\frac{\square}{\Delta} = ?$

Шешуі: Ана тілі = 7o = $\frac{4 \text{ (2a, 2i) дауысты } 0}{3 \text{ (н, т, л) дауыссыз } 0}$;

□ а) **Тілдің қатысына қарай:**

$$4\square = \frac{2 \text{ (2a) тіл арты немесе жуан } \square}{2 \text{ (2i) тіл алды немесе жіңішке } \square}$$

ә) **Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:**

$$4\square = \frac{2 \text{ (2a) ашық } \square + \square\emptyset}{2 \text{ (2i) қысаң } \square}$$

б) **Ерін мен езудің қатысына қарай:**

$$4\square = \frac{\square\emptyset}{4 \text{ (2a, 2i) езулік } \square}$$

Δ

а) **Үн мен салдырдың қатысына қарай:**

$$3\Delta = \frac{1 \text{ (т) қатаң } \Delta + \Delta\emptyset}{2 \text{ (н, л) үнді } \Delta}$$

ә) **Айтылу, жасалу тәсіліне қарай:**

$$3\Delta = \frac{1 \text{ (т) шұғыл } \Delta + \Delta\emptyset}{\Delta\emptyset + 1 \text{ (л) ауыз жолды} + 1 \text{ (н) мұрын жолды } \Delta}$$

б) **Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:**

$$3\Delta = 1 \text{ (т) тіл мен тіс } \Delta + 2 \text{ (н, л) тіл алды} \Delta.$$

1-жаттығу.

Ұлттармен, қасиетті, құрметпен сөздеріндегі дыбыстарға жазбаша математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар, қарамен берілген сөздердегі дыбыстарды жоғарыдағы үлгіні басшылыққа алып, жазбаша дыбыстық мінездеме беріңіздер.

Тәуелсіздік – ел тілегі

Күттім алдан арайлы бір күндерді,
Бүгін, халқым, **бақытыңмен** түрлендің.
Тәуелсіздік жолында азап көрген,
Елім қанша қасіреттен күңіренді.
Шуақты бір ана жүзін көрсем-ау,
Шаттық әнін еліммен бір бөлсем-ау.
Көкіректе болмас еді еш арман
Тәуелсіздік туын тігіп өлсем-ау.
Арман күнге жетті батыр, ақында,
Байтақ елім, қайсар туған халқымда.
Тәуелсіздік артық екен бәрінен,
Жетпес оған лағыл, жақұт, алтын да.
Елім қайда, жерім қайда, тегім кім?
Ұмытуға шақ қалып мен егілдім.
Егемен ел атандық та, таң атты,
Тәуелсіздік ұлы арманы **елімнің**
Тәуелсіздік – ел тірегі қашанда,
Көк байрағым желбіресін аспанда.
Бабалардың іске асырып арманын,
Ей, **ұрпағым**, нық сеніммен бас алға!
Тәуелсіздік – ел тірегі аңсаған,
Құрбан болды осы жолда қанша адам.
Тәуелсіз ел – Қазақстан кең байтақ,
Әлемге атын жырмен шашам, шаршаман.
Өтті ғасыр, қанша жылдар азапты,
Тұншықтырып жоймақ болған қазақты.
Күреспенен қол жеткізген жастарым,
Тәуелсіздік бақытының таңы атты.
Содан бері жылдар өтті арада,
Енді өзгеріс қоғамға да, санаға.
Сексен алты. **Желтоқсанда** жастарым,
Кетпегендей ерліктерің далаға.
Тәуелсіздік кең жол ашып адамға,
Қол создырды асыл мұрат арманға.

Баба ісін жалғастырып ертеңге,
Арайланып таң ұлассын таңдарға.

Қалдыоразұлы Қонаш.

3-жаттығу.

Мәтіндегі қарамен берілген сөздердегі дыбыстарға жоғарыдағы үлгімен ауызша дыбыстық мінездеме беріңіздер.

Тәуелсіздік туралы он ауыз сөз

1. Тәубенің басы тәуелсіздік болсын!
2. Ұлттық **тілдің**, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі – тәуелсіздік. Тәуелді ұлт бұл байлықтың бәрінен айырылып, бейшара болады.
3. Тәуелсіздік – азаттықтың алтын дінгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман!
4. Тәуелсіздікті анаңдай ардақта, балаңдай мәпеле, құдайдай **құрметте!**
5. Тәуелсіздікті қорғау – ұлттың ұйытқысын сақтау, еліңнің жеріне жау жуытпау, халқыңның азбай-тозбай мәңгі өмір **сүруіне** өз үлесінді қосу.
6. Ханның да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік. **Өзегінен** айырылған ел өледі.
7. Тәуелсіздік үшін тәніңді де, қаныңды да, жаныңды да аяма. Ең **қасиетті** күрес – тәуелсіздік үшін күрес екенін ұмытпа!
8. Тәуелді елдің **сұлтаны** болғанша, тәуелсіз елдің ұлтаны бол!
9. Тәуелсіздік – тарих **тұлпарының** қос тізгіні. Тәңір қолыңа ұстатқан ол қасиетті тізгіннен айырылма! Айырылсаң – ит пен құсқа жем болып, айдалада қаласың, осыны ойыңда ұста!
10. Тәуелсіздіктің тынысы тарылмайды, **тәуелдінің** тұншықпасы арылмайды. Тәуелсіздер тойын қуанышпен тойлайды, тәуелділер қалай азаттықты алуды ғана ойлайды. Тәуелсіздік тойын тойла, тойлай жүріп оны **өркендетуді** де ойла. Оған өзіңнің қосар үлесінді пайымда!

Әзілхан Нұршайықов.

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Егемендік, тәуелсіздік жайлы айтылған ұлағатты сөздерді көкейлеріңізге тоқып, қадірін асқақтатып жүріңіздер, асты сызылған сөздерді жоғарыдағы үлгі бойынша ауызша талдаңыздар.

Біздің алдымыздағы үлкен міндеттің бірі – Тәуелсіздіктің толыққанды шежіресін жазу. Жастарымызды білімге, отан сүйгіштікке баулуымыз керек. Қазақстанымызды, Астананы, көп ұлтты халқымызды, қазағымызды, ел ішіндегі татулықты, бірлікті насихаттауымыз керек.



Н.Ә.Назарбаев.

Тәуелсіздік дегеніміз – қазақстандықтардың бірнеше ұрпағының рухани және саяси жігерінің жеңісі, халықтың шыдамдылығына, төзімділігіне берілген сый. Бұл күннің басты ерекшелігі де сол, біздің ұлттық бірлігімізді күшейтеді әрі нығайтады.

И.Тасмағанбетов.

Сөзсаяндық талдау

Сөзге сөзсаяндық (фонологиялық) талдаудың сызбасы



Аралықпын, жетінші материктей,
Бірақ барша адаммен тел өстім мен.

Мен – қазақпын қаныммен, сүйегіммен.
Сән-салтанат, салтымды сүйемін мен.
Бақ орнатам басына моланың да,
Мұрагермін оған да, иемін мен.

Мен – қазақпын жаныммен, жүрегіммен
Еңбек өмір, ер өмір, жыр өмірмен.
Алабөтен болмаймын өзгелерден,
Өзгемен бір өзім боп жүремін мен.

“Қазақпын” деп досқа айтам ұғысатын,
Мақтан етсін атақты туыс атын.
“Қазақпын” деп жауға айтам қасақана,
Біліп қойсын, болса ойы жұғысатын.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім,
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске –
Айта бергім келеді, айта бергім!

Жұбан Молдағалиев.

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Азаттық туы астындағы ойлар

Қанша айтсаң да тозбайтын Ананың аты секілді,
Қанша емсең де, дәмі азбайтын Ананың сүті секілді,
Қайран Азаттық, Еркіндік, саған не жетсін!

Міне, бір жыл! Ғасырға бергісіз жыл он екі ай! Қаншама болып көрмеген қымбатшылық, түйіні қиын, жолы таптырмай тұрған жаппай дағдарыс тұсында да, мынау болып көрмеген дербестік, Егемендік, алаңсыз Азат күн, Бостандық жылы исі қазақ рухын, жан-жүрегің жарылқап, шүкіршілік, көңіл тоқтығына бөлеп, өзінің кең даласында еркін бір шарықтады-ау біздің қазекең. Халықтың мақалында бір сөз бар – «Қайғысыз қара суға семіреді» деген. Дәл қазір осы мақал жеке адамның басына емес, бүкіл халықтың өзіне айналып тұрғандай. Оның дәлелі биыл, былтырды қойғанда, бір жылда еліміздің бар өлкесінде береке қазаны бүлк-бүлк қайнап, қаншама аста-төк тойлар жасалып өтті. О, ол керемет байлықтың, барлықтың, бүтіндік тоқ- шылықтың тойы ма еді, жоқ, бәрі соның – Азаттық, дербестіктің тойы еді, өзінің елдік, егемендік алғаны үшін халықта ырыс шексіз екен ғой, қайран, қазекем, ата-бабаларын ғана еске алып қоймай, ата дәстүрін де қайта жаңғыртты ғой, – бәрі соның есіл Еркіндікке байланысты екен ғой, оны бұрын кім білген, білмейік дедік пе, білдірмеген қырсықты айтсайшы! Адамдық, елдік, білім, тілім, таным деген жаңа келді ғой. Олай

болса, бұл жыл – үлкен білім мектебі болды деген сөз. Мемлекеттік алғашқы сабақ жылы болды деген сөз. Әрине, мемлекеттің тууы оңай емес екен. Бала екеш баланың, перзенттің де тоғыз ай толғағы болады, бәлкім, мемлекет болу үшін бізге, қазаққа тоғыз ғасыр керек болған шығар, оны кім біліп айтады! Баланы кейін мәпелеп, бағып, өсірудің қаншама қиындығын ата-ананың бәрі біледі дейік, мемлекеттің буынын катаятып, сан алуан керек-жарағын, жасау мүлкін, құрал-сайманын сайлауға қаншама мерзім керек екені түсінікті десек те, «бола қоймады, дереу реттеу керек еді, бәрін тығыз орнатып тастау керек!» деген секілді асығыс-үсігіс, алды-артын байыппен бағдарлау, жеті өлшеп, бір кесуге шыдамастық білдіріп жатқан жай бар. Әдетте көшудің заңын қазақтан артық ешкім білмесе керек, соның өзінде жаңа жұртқа кешіп жатқанда, шолақ қамшы, шолтаңдаған берекесіз көшбасшысымақтар ауылды сортаңға қондырып, қызыл-асықтан батпақ кештіріп сорлатып қоятыны да болатын еді ғой. Тарихта тұңғыш рет жас мемлекетті бастау, оны тұғырына қондырып, басына ту байлау, бақытты дербестік жолына жаңылмай алып шығудан артық қиын жұмыс болмақ емес. Қазіргі мемлекет басшыларының (қазақ басшыларын айтам) түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей, жарғақ құлағы жастыққа тисе-тиіп, тимесе-тимей жүргенін біз жақсы білуге тиіспіз. Бұл – баяғы басшылық, керенау-кербез, байлық дәулет, рахат көліне күнде шомылып жүрген ерке-тотай, масыл-мешан әулеті емес. Жаңа мемлекеттің жаңа басшылары – бұлар өзі басқарған мемлекетпен, халықпен бірге өсіп, есейіп келе жатқандар.

Мен олармен кездескен сайын не теледидардан көрген сайын байқаймын, кешегі жас жігіттер бір жыл ішінде есейгені былай тұрсын, кейбірінің шаштары да бозаң тартқан, ақылды болған соң, әйтпеске мүмкіндіктері жоқ. «Президенттің өзіне сай серіктері аз, әттең, көп болар ма еді» деген сөздер де айтылып жатқанын естиміз. Әр жұлдыз өз орынында жарқырап болар. Ала бөлек жарқырау үшін де уақыт, еңбек керек. Ал, менің ойымша, осынша биік жауапкершілік қиын-қыстау жағдайда оларды үнемі сергек, үнемі қайратты жасайтын жалғыз-ақ медеу, қуат күш бар, ол – халқының сенімін ақтау және тұңғыш мемлекеттің басын бастап беру, бесігін тербету абыройы болса керек. Олардың қазір құраны да, идеологиялық құралы да сол – қайтсек, бақытты, беделді, халықшыл демократиялық дербес мемлекет болып шығамыз деу. Түпкі мақсат – осы. Президент Нұрсұлтанның «ә» дегенде айтқан сөзі бар: «Жігіттер, ағайындық, туысқандық жақсы ғой, бірақ мына біздің егемендіктің салмағы ауыр, бұрынғыдай жаман болсаң да бауырға тартатын заман емес, жүк ауыр, көтере алмасаң, өкпелеме, бас-күші басым, ақылы артыққа жол бер, уақыт аз, іс көп күн туды, халықтың тәуір ұл-қыздары бас қосындар, құдайға шүкір, түгел тұрғанда, тандап-таңдалып шығындар, ол үшін баяғыдан маңдайға аз бітіп келген бірлік, туыстықты көбейтейік. Елдік, ұлттық намыс билесін бізді, бұрынғыдай біреудің қолтығында емес, енді жазыққа шықтық, тарих алақанына шықтық, жекеліктің, жалғандықтың үрейі, қорқынышы да бар, соған ұйымдасқан жүрек, ұйымдасқан білекпен қарсы тұру керек». Дәл болмағанымен, шамалауымша осылай! Иә, дүрілдеткен, тұмандатқан, думандатқан бір

«Тәңірім, тіл мен көзден сақта!» – дейді ғой қазақ атаң. Жолымыз болатынына сандаған жақсы ырым бар.

Соның ең бастысы – Мемлекет туының астындағы тыныштық, келісімділік, жан-жақтың бәрі қызыл қырғын, не көршісін, не бір-бірін жек көру, бауырласын бауыздау, адамзат өміріндегі қасірет-кесапат, мінез-құлықтар құжынап жатқан заманда тыныш, бейбіт отыру – не деген сирек бақыт! «Ойпыр-ай, осы күніміз баянды болса екен, Алла, пәле-құзғанадан сақтай гөр, көзімізді жаңа ашып келе жатқанда, аз дәуренге масайып, көзімізді шел қаптамасын!» – күніне мың ойланып, жүз толғанамыз. Өйтпеске шамаң жоқ. «Осылар неғып тыныш отыр?» – дейтін құдай атқандар, қанды көз күншілдер көбейіп тұрған кез. Осындай жағдайда қазақ қашанғы сабырлы кең мінезін істеп, қайырымды да салмақты қасиет танытқаны абзал. Дауласу оңай, келісім қиын. Бүлдіріп алып жөндегеннен, әсілі бүлдірмеу абзал. «Құда да тыныш, құдағи да тыныш» дейді ғой қазақ. Иә, отандастар, осынау тарихи бір жыл, мерейлі, мерекелігімен бірге, осындай ой-толғамдарға да толы екен. Біздің байтақ сахарамызды сан жылдар бірге мекендеп, туып, өрбіп, өсіп келе жатқан сан ұлт, сан халық өкілдері бар. Олардың алғашқыларында көбіне көп басқыншылар емес, қара шекпен, баспанаушылар болатын. Басқыншылық та, баспанаушылық та, әдетте, қара еңбектің, ортақ бейнеттің адамдарында болмайтын, ол мінез жоғарғы әкімдік қабаттарда, арамтамақтарда, ақ саусақ, ақ жағалыларда болатын. Анау алғашқы келгендерді қараңызшы, олардың көбісі дерлік тез арада қазақша үйреніп алған. Неге? Өйткені тұрмыс, қажеттілік жағдай, бірыңғай орта үйретті оларды. Ал қазір соңғы 40-50-ші жылдарға келгенде ондай қажеттілік, мұқтаждық жағдай болған жоқ. Алдымен бала-шағамызбен өзіміз орысша сөйлеуге әзір тұрған соң, үйреніп не қылады? Немесе соғыс жер аударған немістерді, корей, шешен-ұңғыш, түрік, гректерді алыңыз, көбі қазақша таза сөйлейтін. «Тілімізді сыйламады, үйренбеді» деген кінәні айтпас бұрын оны туғызған жағдайды, ортаны, уақыт мінезін ойлаған дұрыс. Тіліміздің жоғала жаздауына өзгелермен қатар, өзіміз де кінәліміз. Қазір біз оны жасырып, кімнен жасқанамыз? Бәрі де татулық, бірлік, тыныш өмір арасында уақыт қайтадан жөндейтін нәрселер деп ойлаймын. Әсіресе Жан жағынды өрт жайлаған осындай күндерде от анасы – оттық, сіреңкені де байқап шағу керек. Мемлекеттің аман-есен дамуына тыныштықтан артық ештеңе керек емес. Аллаға, тағдырға артар өкпе жоқ, биыл Қазақстан егіні де мол, шөбі де шүйгін, мал басы да баршылық. Оны да күндеушілер бар. Қашанда аш адам тоқ адамның ауызын күндейтін әдет емес пе? Ал өзімде бар екен деп, оны кенет арзандатып, түгел жарылқауға болар еді, жан-жағың жалаңаш, жалмандап отырғанда орынсыз шашылуға тағы болмайды. Мемлекет иесі болу – сол халықтың жоғары санасын, елдік санасын, биік мәдениетін талап етеді. Мемлекет шаңырағын көтергенмен, қайта түсіріп алсақ, «Е, мына жұрт болып қалыптаспаған жәй тобыр екен ғой» демесіне кім кепіл? Әлем алдына шыққан соң, оның көзіне ел болып көріну керек шығар. Жер бетінің әлі көп мемлекеті біздің халықтық қасиетімізді ұққан жоқ, олардың көбі біздің аса байтақ жеріміз бен оның аса мол байлығына қызығып

жатыр. «Шіркін, сатуға берсе, байлық айырбастаса» деп, арман етушілер, соған жанталаса ұмтылушылар қаншама? Асыра сілтеуге үйреніп қалған халықпыз, тым қызығып кетіп, бар байлығымыз ата-баба алып берген, «Атаңнан қалған не бар?» дегенде айтатын қазынамыз – жерімізді сатып немесе оған қаптатып жіберіп, қарап қалмайық деген де көңілге күдік оралады. Таза өзіміз болып, ақсақал, қарасақал ақылдасатын да бір жиынды сағынғалы қашан, оған да, бәлкім, жетерміз. Кешегі өткен құрылтай соның бастамасы болар. Ия, бұл тұңғыш жыл бізге тұңғыш рет осындай күрделі ойлауға да мүмкіндік берген жыл. Мал баққанмен, малдық, құлдық мінезден енді құтыл! – деп, ақыл айтқан жыл бұл. Ал, отандастар, бауырластар, қандастар, ұлы істің ұлы күні, қазақ мемлекетінің туғанына бір жыл толу мерекесімен құттықтайық бір-бірімізді, құшақтасайық, бірігудің, енді қайтып бөлінбеудің жоралғысы болсын! Аумин!

*Ғафу Қайырбеков,
“Әдеби әлем” порталынан*

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Тәуелсіздік жайлы айтылған даналар сөзін ой електеріңізден өткізіп, ол жайлы өз пікірлеріңізді өлеңмен немесе шағын шығармамен өрнектеңіздер.

Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт – күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресті тең түсініп, басқаларға өзін елітіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап, жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр.

Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын. Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды.


Ж.Аймауытов.

...тәуелсіздік деген кеше мен бүгіннің арасындағы үзіліп қалған алтын жіп – тарихи сабақтастықты қайта жалғап, болашаққа бодандық психологиядан ада, бойына бабалардың ғасырлар сүзгісінен өткен, рухани күш-қуатын жинаған, жаңа заманның – әсемдік өркениеттің барлық талабына жауап бере алатындай парасатты, білігі мен білімі кемел ұлт болып жетуді қамтамасыз ету. Кеңес идеологиясы санасын әбден улаған ұрпақ, өз ұлтының теңдессіз мүмкіндігіне, ұлылығына күдікпен қарайтын мың сан адасқан адам осы бір шындықты түсінгенде ғана мақсатымызға жете аламыз. Қазіргідей қиын жағдайда екі қол, екі аяқ, қана емес, негізінен ми жұмыс істесін.

Б.Мұқай.

Ұлттық сана дегеніміз – бір ұлттың өзін сезінуі және түйсінуі. Сезімге әрі ой-пікірге арқа сүйейтін ұлттық сана – ұлттық рухани күштердің ең мәндісі. Ұлтты сақтайтын төрт қорғаныштың соңғысы және ең маңыздысы да осы – ұлттық сана. Адамның дене мүшелерінің ішінде өкпе, бауыр, жүрек және ми қаншалықты маңызды ағзалар болып табылса, Әскер, Тәуелсіздік, Тіл, Ұлттық Сана – ұлттық сондай үлкен төрт қамал.

Х.Н.Атыз.



Мынадай жағдайларда сөздер тасымалданбайды:

1. *Бір ғана дауысты дыбыстан тұратын буынды жол соңында қалдыруға да, жаңа жолға тасымалдауға да болмайды.*
2. *Екі, үш дыбысты тұйық буынды бөліп-жарып тасымалдауға болмайды.*
3. *Бітеу буындарды да бөліп-жаруға болмайды. Қысқасы, буын құрамындағы дыбыстарды бір-бірінен ажыратуға болмайды.*
4. *Бас әріптерден қысқарған сөздер тасымалданбайды.*
5. *Кісі аттарының қысқартылып алынған әріптерін фамилиядан айырып тасымалдауға болмайды.*
6. *Сан есімдерден кейін қысқарған сөздерді және цифрдан кейінгі қосымшаны цифрдан айырып тасымалдауға болмайды.*

7. Екі дауысты дыбыстың ортасында **й, у** дауыссыз дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады.
8. **15 га, 25 см** сияқты цифр арқылы таңбаланатын сандарды оларға қатысты атауларынан бөліп тастауға болмайды.

4. Бұл сөзде екпін **лем** буынындағы **е** дауысты дыбысына түсіп тұр.
5. Сөзде буын үндестігі жоқ. Себебі...
6. Сөзде дыбыс үндестігі де жоқ. Себебі...

Құрмет

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – **аралас буынды сөз**. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып араласып келіп тұр.

2. Бұл сөз: **құр – мет** болып екі буынға бөлінеді. Себебі... **құр, мет** буындары бітеу буындар. Себебі...

3. Бұл сөз:

құр –	болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі...
мет	

4. Екпін қайда түседі?

5. Буын үндестігі бар ма?

6. Дыбыс үндестігі бар ма?

1-жаттығу.

Мына сөздерді жоғарыдағы үлгі бойынша жазбаша толық талдаңыздар: **әже, іні, ине**.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар. Асты сызылған сөздерге ауызша сөзсазындық (фонологиялық) талдау жасаңыздар.

Елдестірет елшідей

Ажары Ақ Жайықтың ашық қандай!
Толқыны көңіліңді тасытқандай!
Жылбойы тоқтамастан жылжып ағып,
Түрі бір Атырауға асыққандай.

Ару Жайық!
Бір көрген жан ұнатқан.
Ақ төсінде
Сібірлеп таңың атқан.
Жаһанда жалғыз өзен сен шығарсың
Қасқайып,
Қос құрлықты жарып аққан!

Бір-бірін пәк толқының алмастырып,
Тек сенде –
Еш құмарым қанбас қылық.
Бір өзің –
Елдестірет Елшідейсің
Елімді
Еуропамен жалғастырып.

Қайрат Жұмағалиев

3-жаттығу.

*Бабалардан қалған сөз өнерін көкейлеріңізге тоқып,
жолдастарыңыздың арасында өсиет сөз ретінде айта жүріңіздер.*

Жасай бер, туған жер!

Ол – біздің кейіпкеріміз, осыдан отыз жыл бұрын атқа мінген жас жігіт еді. Атқа мінді деген сөз, қара бастың қамынан ел ісіне көшті, ел тапсырмасына әзір тұрды деген ұғым ғой. Әйтпесе, сан-сапалақ тапсырма, әйтіп кел, бүйтіп келге ол кезде ат та табылмаған шығар. Сонда, қайран жастық-ай, қонышын таралғы кесіп, ақжем тартқан етікті кейде мойынға аса сап, туған жердің шаңына қос балтырды көміп жіберіп, ирең-ирең жолдармен, кейде тақыр жондармен, кейде асыл орманмен бүлкілдей жортқан кездер-ай! Орман демекші, я, оны орман баласы десе де болар. Қостанай өлкесінде, ұсақ-түйегін санамағанда, үш атақты орман бар. Соның ең сұлуы, ең кербезі, меніңше Аманқарағай. Пай-пай жарықтық-ай! Туған жердің аспанға созған білегіндей қалың құмды тесіп шығып, оқтай түп- түзу болып, күп-күрең бойы самсап тұрар еді-ау сабаз арағайлар. Олардың дауыл соғып, не өзгедей апаттан Жығылғаны – жердің қасіреті секілді еді. Бейне орман күңіреніп, күн ұзаққа жылағандай болушы еді... Ал Аманқарағайдың

аман күйінде, сәске шақта, жаз сайраушы еді сандуғаштар, сарторғайлар. Орманның жалғыз аяң жолдарын айтсайшы, өрмекшінің ауындай ығы-жығы, олардың қайсысымен жүріп, қайда барарынды білмейсің. Оның балалық шағы, жігіт кезі, азамат жылдары осы орманның ішінде, бойында, түбінде, қасында, қапталында өтті. Өтіп те келеді. Жылдар... Жылдар... Аудан... Аудан... Бірақ бәрібір Қостанай аумағы. Әсіресе бір аудан, табан аумамай талай жыл қызмет еткен осы аудан – кіндік кескен, кір жуған қасиетті туған жер. Әулиекөл өлкесі, көлдер өлкесі, орман ортасы. Біресе аудан хатшысы, біресе ауатком ағасы – ұзақ жылдар туған жұртқа ағалық, ауылға басшылық жұмысы. Оның балалық шағын айнытпай шерткен қариялар да осында. Жігіттік, жігерлі жылдарын бөліскен құрбы-құрдас та осында. Қазір енді ағалық, азаматтық, ыстық-суығы басым, бейнетті, зейнетті, қиын да қымбатты жылдарын бөлісіп келе жатқан достары да бірге өзімен осында. Қазір енді өмірінің отыз, қырық жылдарын осындай халыққа қалтқысыз қызметке сарп еткен азаматтардың көбі демалысқа кеткен. Ол қыс көзінің қырауында, жұқа қарлы жол табанында жүйткіп келе жатып соны ойлайды... Жол... Жол... Осы өлкеде қанша жол бар, ол соның бәрін жатқа білетін-ақ шығар. Енді соның көбісі қар астында қалған. Ертең көктем келіп, жер ашылғанда ескі достардай олар тағы да көзге ыстық басылады. Рас, дос екені рас. Көп белестер, құба жондар, онда өсетін шөпке дейін таныс-ау. Жылдың төрт мезгіліндегі осы аймақтың кескін-келбеті оның көкірегіне жазылған. Шіркін, бір көсіліп, талай сағат шертер еді жайын. Бірақ ол тумысында үндемейтін адам. Тамаша сұлу өлкеде туғанына тұлғасы мен болмысы, жетесі мен нәсілі, қимыл ісі жарасқан. Бейшаралық кермейсің оның ең аяғы қол алысынан. Жол табанындағы қарды жел үрлеп, жаяу борасындатады. Соған ұқсас мұның самай шашындағы қырау да желге қозғалады. Туған жер – жарыса отырып, жүре сөйлесіп сырласады онымен. Бар қызығын өзінен тапқан, бар абыройын бөліскен, бар махаббатқа шаш ағарысқан адал перзентімен сырласады. Қазір ғой мамандардың қаптағаны. Ал бұлар әрі басшы, әрі агроном, әрі сушы, әрі малдың маманы боп күн кешкен. Барлық жағдайда, бар түрғыда туған жерімен тілдескен. Оның жерге, жердің оған жасаған обалы, қиянаты жоқ, – Олар бір-біріне жаны ашитындар еді. Билігімде, қолымда тұр деп туған жер, ел қазынасынан ештемені өзіне артық алған жоқ. Жерден алса, ел алды, ол соны алуға көмектесті. Жалпы ол сол бойындағы бар асылын ел қамына сарп еткен адал азаматтардың соңғыларының бірі еді. Барынша адалдығын, кішіпейілдігін, тура түзулігін, табандылығын жалпақ жұрт, туыс-ағайын айтып отырады. Ол бір әлдеқашан анық, қанық болған ескі әңгіме тәрізді. Біз бұл жерде қарапайым басшының, қадірмен азаматтың еңбек, қызмет ісіндегі табыстарын, сандай-цифрлап, жылдап-мезгілдеп жатпаспыз. Ордендерін санапаспыз. Ол басқаша тақырыптың материалы ғой. Туған жер - деп, құрғак сөз айтып, тек бос мақтанушылар көп, қасықтай қайырым болмаған соң не керек. Ал ел білген азаматтың абыройы туралы, оның істеген адал еңбектері туралы ой толғауға не жетсін. Бұл туған жер, туған азамат туралы толғау ғой. Әуелде оның кіндігін байлаған жіп, оны мәңгі туған жерге байлаған.

- Оқу бітірген соң елге кел!
- Ретіне қарай көрерміз.
- Елге кел! – деймін.

Оқыған соң - жақсы оқимыз, жақсы оқығанды Алматы жібере бере ме? Ол алдында тұрған сары жігітке қарап қояды. Келгеніне өкінішпен қарайтындай. Кім екенін жалғыз ауыз сөзбен білдіретін шіркіндер, осылар-ау – деп қарайтындай. Бір кезде ашық әйнектен терезе сыртындағы далаға қарады, туған жерге қарады. «Мына «сабаздың» сөзін естіп қойды-ау деп қарайтындай. Бұл үшін өзі үялғандай, шытынатты қабағын. Жарқ ете қалған күн сәулесінен жадырай қалған жерді көріп, жүзі жайнап сала берді бұл мезет. Я, ел, жер перзенті ғой, жер ажары оған жұққан. Ол да жердей жомарт.

...Кейде облыс орталығындағы мәжілістерде-ақ басты атандардай сирек-сирек жандар жүреді. Саусақпен санардай аз-ақ. Олар бірақ не бір ағалықты, үлкендікті, барлықты, тарихты танытады. Олардан туған жердің жұпары аңқиды. Туған жер олардан ештемесін аямаған. Олар – шын бақытты адамдар. Кейінгі ұрпақ үлгі деп ұстар солар болар. Міне, туған жер, туыс азамат туралы толғау осылай аяқталады. Тек қана әңгімеге арқау болған азаматтың аты жөнін атау ғана қалды. Ол – қазір Қостанай облысы, бір ауданының аудандық атқару комитетінің басшысы, еңбегі сіңген қайраткер, ел ағасы Файзолла Жақсылықов. «Жасай бер, туған жер!» дейді ол. Оның бұл сөзінде – туған жерге адал берілген Жан жүрегі мен азамат өмірі бар.

Гафу Қайырбеков
“Әдебиет әлемі” порталынан

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Даналардың білім, ғылым жайлы айтқан даналық сөздерін ойларыңызға тоқып, асты сызылған сөздерді жоғарыдағы үлгі бойынша толық жазып, талдаңыздар.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Өйткені, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауына айналады.

әл-Фараби.

Батыс еуропалықтар біздерді олардан үйреніп, оларға еліктегеніміз үшін ғана емес, керісінше, өз дәрежемізді, түрлі ерекшеліктеріміз бен тілімізді сақтай алсақ қана сыйлайды.

Н.Ә.Назарбаев.

Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім.


М.Әуезов.

...шын мәнінде ғылым тәуелсіз дамуы керек. Ғылым қоғамнан бір қадам болса алда жүруі керек. Егер ол қоғамнан артта қалып қойса, жол көрсете алмаса, ондай ғылымның керегі жоқ,. Сондықтан ғылымды басынып, аяққа таптауға болмайды! Ол қылмыс...

Ө.Сұлтангазин.


Құр ғылыми атақ алуға қызығу – тоғышарлық, ол ниет мандытпайды. Инемен қазғандай ғылым жолы қиын жол, ол, әсіресе, төзімділікті, үздіксіз ізденімпаздықты керек етеді.

М.Әуезов.



х х х /

Азаматтарша



Сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп, күшті айтылуын **екпін** деп атайды. **Қазақ тілінде мынандай қосымшаларға екпін түспейді:**

1. *Есім сөздерге және етістіктің есімше тұлғасына жалғанып, теңеу, ұқсату мәнін білдіретін -дай, -дей, -тай, -тей, -лай, -лей және -ша, -ше қосымшаларына екпін түспейді.*
2. *Жіктік жалғауларына екпін түспейді.*
3. *Етістіктің тұлғаларына жалғанып, өтініш, тілек білдіретін -шы, -ші қосымшасына екпін түспейді.*
4. *Етістіктің болымсыз мағынасын тудыратын -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшасына екпін түспейді.*

Студенттің

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – жіңішке буынды сөз. Себебі...
2. Бұл сөз: сту – дент – тің болып үш буынға бөлінеді. Себебі... Сту – дент – тің буындары бітеу буындар. Себебі...
3. Бұл сөз:
Сту – | болып екі жағдайда тасымалданады.
дент – | Себебі...
тің
4. Студенттің. *Толық талдап беріңіз.*
5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі, түбірдің соңғы буыны **дент** жіңішке болғандықтан оған жалғанатын қосымшаның да жіңішке (**-тің**) нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның жуан (**-тың**) нұсқасын алмаймыз.

Сту дент + тің – (~~-тың~~)

Түбір мен қосымшаның жігіндегі және сөз арасындағы көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, ыңғайласып, үйлесіп қолданылуын дыбыстардың **үндестік заңы (сингармонизм)** деп атайды.

Әдетте дауысты дыбыс дауысты дыбысқа және дауысты немесе дауыссыз дыбыс дауыссыз дыбысқа әсер етеді. Қандай дыбысқа (дауысты ма, дауыссыз ба) әсер етуге байланысты үндестік заңы екіге бөлінеді: **буын үндестігі және дыбыс үндестігі (ассимиляция)**.

Қазақ тілінің сөздері бірыңғай жуан буынды я жіңішке буынды болып келеді. Қосымша ол сөзге соған үндесіп жалғанады.

Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан не жіңішке түрде жалғануын **буын үндестігі** немесе **сингармонизм** дейміз. Яғни буын үндестігі дауысты дыбыстың дауысты дыбысқа әсері болып табылады.

Буын үндестігі (сингармонизм) дегеніміз – сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да түбірге бірыңғай жуан не жіңішке болып жалғануы.

Қазақ тілінде буын үндестігі, негізінен, дауысты дыбыстардың үндестігі болып табылады. Сөздегі дыбыстар бірыңғай жуан я жіңішке

буынды болып келеді. Қосымшалар да соған сәйкес үндеседі. Түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігінің мынандай заңдары бар:

Мысалы: домбыра, күй сөздеріне қосымшалар жалғап көрейік:

Бұл екі сөздің біріншісі (**домбыра-домбырашыларымыздың**) – жуан буынды сөз, оған жалғанған қосымшалар да жуан буынды **-шы, -лар, -ы, -мыз, -дың**; екінші (**күй-күйшілеріміздің**) – жіңішке буынды сөз, оған жалғанған қосымшалар да жіңішке буынды: **-ші, -лер, -ге** т.б.

Түбір мен қосымша арасында буын үндестігінің мынадай заңдары бар:

а) Қазақтың байырғы түбір сөздерінің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан, ал түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады.

Мысалы: би – ші – лер – ге, кө – ке – ле – рім.

ә) Соңында жіңішкелік белгісі бар бір буынды сөздер мен **-брь, -ль** дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке түрде жалғанады.

Мысалы: сентябрь, октябрь (сентябрьде, октябрьге).

Осылармен бірге, тілімізде **ерін үндестігі** деген бар. Ол еріндік **о, ө, ұ, ү** дыбыстарынан кейін келетін езулік **ы, е, і** дыбыстарын айтуда еріндік дыбыстарға жақындатады. Оған:

1) алғашқы буындағы **о** немесе **ұ** дыбыстары екінші буын-дағы **ы** дыбысын **ү**-ға айналдырады. Мысалы: *орын – орұн, құлын – құлұн*. Ал ашық дауысты **а** дыбысына **о**-ның да, **ұ**-ның әсері байқалмайды. Мысалы: *орақ, құлан, т.б.*;

2) алғашқы буынындағы **ө** немесе **ү** дыбыстары екінші буындағы **і** дыбысын **ү**-ге айналдырады. Мысалы, *көрік – көрүк, күдік – күдүк*;

3) алғашқы буындағы **ө** немесе **ү** дыбысы **е** дыбысын **ө**-ге айналдырады: *өлең – өлөң, күрек – күрөк*.

Бұларды жинақтап, мына секілді көрсетуге болады.

1. Жуан дауыстының еріндікке алмасуы: **о – ы – ұ, ү – ы – ү**:

Орын – орұн, құлын – құлұн.

2. Жіңішке дауыстының еріндікке алмасуы:

а) **ө – і – ү, ү – і – ү**: *көрік – көрүк, күдік – күдүк*.

ә) **ө – е – ө, ү – е – ө**: *өлең – өлөң, күрек – күрөк*.

Бұл секілді езулік дыбыстардың еріндікке алмасуы тек қана айту нормасына жатады, жазуда ол еленбейді.

Білімділер

1. Бұл сөз... Себебі...
2. Бұл сөз **бі – лім – ді – лер** болып төрт буынға бөлінеді. Неге? **Бі – ді** буындары ашық буындар. Неге? **лім – дер** буындары бітеу буындар. Неге?
3. Бұл сөз неше жағдайда тасымалданады? Себебін түсіндіріңіз.
4. Бұл сөзде екпін қай буынға түседі? Себебін түсіндіріңіз.
5. Сөзде түбір мен қосымшаның, қосымша мен қосымшаның, қосымша мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі, түбір сөз **біл** жіңішке болғандықтан оған жалғанатын бірінші қосымшаның (**-ім**) жіңішке нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның жуан (**-ым**) нұсқасын алмаймыз; бірінші қосымша (**-ім**) жіңішке болғандықтан оған жалғанатын екінші қосымшаның (**-ді**) жіңішке нұсқасы келіп тұр, сондықтан біз (**-ды**) жуан нұсқасын алмаймыз; екінші қосымша (**-ді**) жіңішке болғандықтан оған жалғанатын үшінші қосымшаның да жіңішке (**-лер**) нұсқасы келіп тұр, сондықтан біз оның жуан (**-лар**) нұсқасын алмаймыз.

1-жаттығу.

Арманға, ұлылар, ұрпақтың сөздерін жоғарыдағы үлгі бойынша ауызша талдаңыздар.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

Ұлы-Отаным

Ұлы-Отаным,
Өркендеп –
Өскен Елім,
Нұр-Астанам –
Ерке-Жыр,
Есті-Өлеңім?!
Сені –
Көрсем:
Ертеңге –

Қоңыраулатып,
Кіре тартқан –
Тәуелсіз Көш көремін!

Көш көремін –
Тәуелсіз... анық басқан,
Көшбасшысы –
Кемеңгер,
Халық –
Хоштан:
Қыран-Тұғыр
Қазақтың Күн-Бейнесі –
Жас Абайлар жазатын –
Алып Дастан...

Иран-Ғайып

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Бабалар тілін барлаған ғалым

Бүгінде дүниеден озғандары бар, арамызда жүргендері бар – жастары 80-90-дардан асқан кейбір танымал тұлғалардың өмір жолдары халқымыздың соңғы жүз жыл барысындағы тұтас тарих беттерінің әр жерге үзіліп түскен парақтары сияқты. Сондай үзіктердің бірі – белгілі түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаровтың өмірі мен еңбек жолы.

Өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік, коммунистік, империялық саясаттың қазақ сияқты халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен рухани-мәдени өміріне жасаған қыспақ қарекеттеріне төзе алмаған, төзгісі келмеген бірсыпыра ауылдарын көрші жат жұрттарға ауа көшуіне мәжбүр етті.

1921 жылдың жазында Маңғыстау өңірінің Кәтемшайыр деген елді мекенінде дүниеге келген Ғұбайдолланың әкесі Айдар да 1920 жылдардың соңында Кеңес өкіметінің құрығынан әзірше алыстау көрші жұрттарды паналауды көздеп, азғана ауыл болып Түрікменстанның Шағадам деген жеріндегі Красноводск маңына табан тірейді.

Ғұбекең ата-баба топырағында туғанымен, шет жұрттың суын ішіп ер жетеді. Жаңа мекенде жұмысшы болып, отбасын асырап жүрген әкесі көп ұзамай қайтыс болады, аз уақыттан кейін анасы да дүние салады. «Кедейді кезеңде тосып, ойпаңда тонайды» дегендей, тағдыр шіркін Ғұбайдолла баланы ағайын-туыстан жырақ жерде тұлдырсыз тас жетімге айналдырады. Дегенмен татар дәмі таусылмаған жетім бала өзі сияқты сол кезде қаңғырып қалған топ-топ баламен бірге «детдом» деп аталатын балалар үйіне

қабылданады. Сонда жүріп мектепте оқиды (бірақ қай тілде оқыды екен – кезінде сұрамаппыз).

1934 жылы 13 жасында Ташауыздағы «педтехникум» деп аталатын педагогикалық училищенің дайындық курсына түсіп, төрт жылдан кейін бітіріп, «дындай мұғалім» болып, бала оқытып, азамат болып келе жатқанда, 1940 жылдың ақпанында 20 жасқа келер-келместен әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын аяқтамай, Ұлы Отан соғысы басталып, буыны қатпаған жас жігіт Отан қорғаған жауынгердің бірі болып, қан майданның азабын да шегеді, бірнеше рет жараланады, ақыры сол жарақаттардың бірінде ауыр контузияға тап болып, әскерден босатылып, елге қайтады. Ал оның ел дейтін туған-туыс ортасы жоқ еді, әке-шешесі бұрын өлген, жалғыз інісі соғыста қаза тапқан. Ел деп келген Красноводскіде не ет жақындары, не қолдап-қоштап жүретін көзкөрген жолдастары жоқ болатын. Бірақ өмір сүру керек.

Сірә, адам баласына тағдыры «сыйлаған» ауыр жүк жас адамның бойына күш-қуат жинаттырып, өмірге деген талпыныс қасиетін де сыйлайтын болуы керек. Осындай еті тірі Ғұбекең мұғалімдер даярлайтын екі айлық курстың директоры болып жұмысқа кіріседі (соғыс кезінде ондай да «оқу орындары» болған, оған куәгерлердің бірі – осы жолдардың авторы біз де 17-18 жасымызда екі айлық педкурстардың бірдей оқытушысы болып 9-10 сыныптардан келген құрдастарымызды, не бір-екі жас үлкен «апайларымызды» оқытқанбыз.

Ерте есейген Ғұбекең тек екі-үш айлық «институттың» директоры ғана емес, 1944-1948-жылдары Красноводск, Небитдағ қалаларындағы мектептердің (сірә, қазақ мектептері болар, әлде түрікпен аралас мектептер ме) мұғалімі болып, тіпті олардағы оқу ісінің меңгерушісі (директордың орынбасары) деген жауапты жүкті де арқалайды. Өмір жолын тәптіштеп тізіп көрсетіп отырған себебіміз есімін ардақтап, еске алып жатқан Ғұбекеңнің «тегін адам» еместігін, оның өзіне жүктелген міндетті атқара білетін, алдында көздеген мақсат-мұраты бар, ар-намысы күшті жан екенін баса айту еді. Осындай кісілік қасиеттер «тауда туып, таста өскен, ағайыннан басқа өскен» Ғұбайдолланы туған халқының топырағына – Жамбыл облысына алып келеді, тағы да оқу-ағарту ісіне кіріседі, мектеп директоры болады. Жұмыс істей жүріп Шымкенттегі екі жылдық оқытушылар институтында, кейінірек Абай атындағы педагогикалық институтта сырттай оқып, диплом алып шығады.

Есейе түскен Ғұбекең Алматыға келеді, С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университеттің аспирантурасына түседі. Бұл – енді ғылым атты шырқау шыңға шықсам деген мақсаты мен сол жолдағы іс-әрекетін танытады. Институттарда алған білім-танымдары педагогика саласына, оның ішінде филологияға жататындықтан, сол ғылымды қандай тақырыппен зерттеуден бастау керек? Ол да – оңай шаруа емес, Ғұбекеңді ойлантқан тұс. Айдар баласы Ғұбайдолла ғылым есігін ашар болған 1950 жылдардың басында Қазақ тіл білімі атты ғылым саласының негізгі зерттеу нысандары – қазақ тілінің грамматикасы, фонетикасы, лексикографиясы (сөздіктер жасау),

диалектология тарамдары болатын. Бұл кезде қазақ тіл мамандары одақтық, не дүниежүзілік үлкен түркологияға (түркітануға) әлі бармаған-ды. Әрине, бұл саланы елемегендіктен емес, маман ғалымдар күші жоқтығынан еді. Түркологияның қай тақырыбын да өзінің білім-білігімен игере алатын, өзіне сенетін «жүрек жұтқандар» болмаса, екінің бірі бара қоймайтын.

Бала шағынан аты түркі болғанмен, қыпшақ тобындағы қазақ тілінен бөлектеу оғыз тобындағы түрікпен тілді ортада өскендіктен, нағыз қазақ мектептерінен сусындай алмағанын сезді ме, «қазақ тіліне қатысты тақырыптарды зерттеп, жарыта қоймаспын» деп жүрексінді ме, – әйтеуір түркологиялық қиын бағытқа бет бұруды қалады. Оның үстіне бұған объективті факторлар да себеп болды. Ғұбекең аспирант болып, оқи бастаған кезде белгілі моңғол, түркі тілдерін зерттеуші ғалым Церен Доржы Номинханов ұйымдастырған бір үйірме болды. Ол үйірмеде сөз болатын көне түркі жазуы, ол жазудың үлгісін қалдырған өте ертедегі V-VIII ғасырларда жасап өткен бабалар тілі қызықтырған аспирант кандидаттық жұмысының тақырыбы етіп «Тоныкөк ескерткіштерінің тілі және оның қазіргі кейбір түркі тілдеріне қатысы» дегенді таңдады. Табиғатынан зерек, қолға алған жұмысына мейлінше жауапты қарауға дағдыланған Ғұбекең «инемен құдық қаза бастайды» – алдымен, «көне түркі жазулары деген не, оны көрсететін тасқа қашалған – «сызылған» сөздер қайдан, қашан табылған, кімдер жазған», не жазған, сырын кімдер, қашан ашқан деген сан алуан мағлұматтарды алу үшін екі ғасыр бойы зерттеліп, шет тілдерде, көбінесе орыс, неміс тілдерінде жарияланған еңбектерді оқуға кірісті. Оларды оқып, танысып алудың өзі де Ғұбекеңе оңайға соқпады: шет тілдерді былай қойғанда, орыс тілінде жазылғандарға Айдаровтың «түрікпенше орысшасы» жетпей жатты, оны жетілдіре түсу де қосымша жүк болды. Орыс тілін жақсы білу тек оқып, түсіну үшін ғана емес, осы тілде ғылыми еңбектер жазу үшін де керек болды. Оны да игерді.

Сөйтіп, қазақ тіл білімінде түркологиялық зерттеулерге жол салынды. Жол салушылардың бірі ғана емес, ең ілгергісі, ең өнімді еңбек еткені – Ғұбайдолла Айдаров болды. Әрине, бұл жолды Ғ.Айдаров жалғыз өзі салып, жалғыз жалғастырды деуге болмас, дегенмен оның бұл саладағы еңбегі ересен екенін баса айтуға болады. Қазақ тіл мамандарының ішінде түркологиялық білім-танымның негіздерін Мәскеу, Ленинград сияқты орталықтардың университеттерінде оқып, оны жақсы біліп келген, сондай-ақ Алматыдағы университет пен пединституттың филология факультеттерінде оқыған жастар көне түркі сына жазуы жайында, Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің жеке тақырыптарын, әсіресе XIII-XVI ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуде айтарлықтай жұмыстар атқарды. Олардың қатарында А.Аманжолов, Е.Ағыманов, М.Мәженова, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, Ә.Керімов, Қ.Өмірәлиев, Б.Сағындықов, Р.Сыздықова т.б. сияқты ғалымдардың есімдері аталып жүр. Бұлардың көбі түркология тақырыптарына Ғ.Айдаровтан кейін өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап кірісті (ал Ғұбекеңнің көне түркі жазуы мен ескерткіштерінің тілі туралы мақалалары 1950 жылдардың соңынан бастап жарияланған болатын).

Демек, Ғ.Айдаровты бұл салаға алғашқы түрен салушы, жол бастаушы деуге болады.

Ашылған жолмен алға қарай жүруді Ғұбекең әрі қарай жалғастырды. 1974 жылы «Орхон-Енисей және Талас ескерткіштерінің лексикасы» деген тақырыпта докторлық диссертация жазып, Бакуде жақсы қорғады. Монографиялары жарық көрді: «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» – орыс тілінде (1971 және 1986 ж.), «Орхон ескерткіштерінің тексі» (1991 ж.), «Көне түркі жазуларынан материалдар» (1966 ж.). Язык памятника Кюльтегина VIII в.» (1993), «Күлтегін ескерткіші (1995 ж.), «Тоныкөк ескерткішінің тілі, VIII ғ. (2000).

«Язык орхонского памятника Бильге-Кагана» (1966); «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (Павлодар, 2010), «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VII века» (1971).

Ғ.Айдаровтың зерттеу жұмыстарының көбі (200-ден астам) мақала түрінде ғылыми және көпшілікке арналған журналдарда, жинақтарда оқу-ағартуға арналған журналдарда қазақ, орыс, түрікпен тілдерінде жарық көрді. Қысқасы, ғылым әлеміне енген 40 жылдан астам уақыттың барысында Ғ.Айдаровтың қаламынан ірілі-ұсақты 20-ға тарта басылым (кітап), 200-ден астам ғылыми мақала шыққан екен.

Бұл аталған еңбектің нәтижесі мен құндылығын арнайы ғылыми талдаулармен жазып көрсетуге болады, ол – өз алдына мәселе. Ал қысқаша айтқанда, бұл еңбектері арқылы ғалым, алдымен қазақ жұртшылығын, әсіресе студент жастар мен олардың оқытушыларын ертедегі ата-бабаларымыздың мәдени-рухани дүниесімен қазақ тілінде кеңінен таныстырды. Атап айтқанда, көне түркі сына жазуы сияқты талай заман сырын ашып, тани алмай келген жұмбақ та сиқырлы таңбаларды 1898 жылы тұңғыш рет дат ғалымы Томсен мен 1894 жылы онымен қатарласа жұмбақ тас жазуларының кілтін ашқан орыс ғалымы В.В.Радлов екенін білеміз. Бұлардан кейін білгеніміз – ертедегі түркі халықтарының дүниежүзінде мұндай да кереметке ие екендігіне таңдай қаға отырып, әр қырынан зерттей бастағандар, әрине, еуропалықтар мен орыс ғалымдары болғаны. Осылардың ізін ала XX ғасырдың орта тұсында өз бабаларының 10-15 ғасыр бұрынғы мәдени-рухани дүниесін танытуға кіріскен қазақ ғалымы Ғұбайдолла Айдаров екендігін жоғарыда аталып көрсетілген еңбектерінен біліп отырмыз.

Ғұбекең екінің бірі бара алмайтын қиын іске барды, саналы түрде, өз күш-қабілетін жақсы біліп барды. Бұл күшін бір орында – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында табан аудармастан 40 жылдай отырып көрсете білді, ақшасы молдау, атақты көбірек беретін өзге жерлерге бармады. «Тендесі жоқ еңбекті елемедіндер деп, сегіз баламды еркін ойнатып өсіретін үй-жайым да болған жоқ деп (жұмыс істейтін жеке кабинетті былай қойғанда дегендей), қаланың ең шетінен жалдап тұрған үйден жұмысқа жететін көлігім, оны алатын ақшам да жоқ болды» деп ешкімге міндет артқан жоқ. «Соған қарамастан том-том кітап жаздым, ғалым атандым, 5 ұл, 3 қызыма жоғары білім бергіздім, оларды абыройлы, іскер азаматтар етіп тәрбиеледім» деп те ешкімге қыр көрсеткен жоқ. Бұл ретте Ғұбекеңді эпосшы

жырауларымыз айтқандай, ұлдар өсіріп, Алашқа аттарын жайғызған, қыздар өсіріп, алаштан бекзат келтірген бақытты әке, жарты ғасырдан астам шаңырағының отанасы болған Балжандай қосағын сыйлап өткен отағасысы. Бұл да замандас, сыйлас әріптестерін сүйіндірген, артындағы ұрпақтарға үлгі-өнеге болған кісілік сипатының тағы бір қырын танытса керек.

Ғ.Айдаров бабалары қалдырған ғажап мұраны тек таныстырып баяндап қойған жоқ, өзі де ғылыми ізденістер жүргізді. Бұл жазуларды зерттеудің 200 жылдық тарихында кеткен кемшін тұстарды толықтырды. Мысалы, сына жазбалардың Томсен, Радлов байқамаған не кемшіл кеткен, жаңсақ оқылған кейбір тұстарын басқаша түзетіп оқуды ұсынды. Әрбір көне жазу ескерткішінің грамматикалық, фонетикалық, лексикалық құрылымдарын жинақтап, жүйелеп көрсетті. Бұл жағынан кейбір монографиялары оқулық сияқты құрал болды. Біздің естуімізше, Ғұбекеннің орыс тіліндегі монографиялары Берлин, Прага университеттерінде оқулық ретінде пайдаланылған кездері болған. Ал түркітілдес мемлекеттердегі университеттерде Айдаровтың еңбектерін қай тұрғыдан, қай мақсатпен болса да пайдаланып жүрулері даусыз.

Биыл жазда Ғ.Айдаровтың 90 жылдығын өзі жарты ғасырдай тапжылмай отырып ғылыммен айналысқан құтты ошағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында атап өткен болатын. Енді, міне, туған топырағы Маңғыстау өлкесінде атап өткелі жатқанын естідік. Ғұбайдолла Айдаровтың ғалымдық келбетін осылай көрсете отырып, кезінде әріптестері мен замандастарын мейлінше сүйсіндірген кісілік тұлғасын танытқан азаматтық бір іс-әрекетін де айта кетсек, өзгелерге, әсіресе жас буынға үлгі-өнеге болар еді. Ол оқиға 1958 жылы Кеңес өкіметі әбден күшінде тұрған, халықтарды өз мекенінен көп қия бастырмайтын кезде болған еді. Ғұбекен ресми басшы орындардан арнайы рұқсат алып, Түрікменстандағы қазақтардың бір тобын отбасыларымен Қазақстанға көшіріп алдырады, Алматы маңындағы Ақши ауданына орналастырады, керек жерінде ақыл-кеңесін береді. Бұл үлкен азаматтық еді, өйткені шарасыздықтан туған жерінен ауып, шет өлкеде, өзге жұрттың арасында жүргеннен өз ұлтымен бірге күн кешіп, еңбек етуді талай жыл көксеген жандарды арманынан шығарып, қуантқаннан артық не бар! Ешкім міндеттемеген, өз қалауымен жүрек жылуын тағдырлас айналасына беру де екінің бірі істеп жатқан шаруа емес, ол үшін де жақын-айналасына, қандас-бауырларына әр істе көмектесу, бүгінгідей көші-қон саясаты жоқ жағдайда бір қауым елді отандастарымен қауыштыру қазір еске алып айтуға – оңай, ал Ғұбекеш ол үшін қанша тер төкті, қанша есікті қақты, қанша адамның бабын тапты десеңші. Бұл енді Ғұбайдолла Айдаровтың жалпы кісілік портретінің тағы бір қырынан көрінгені дер едім.

Қысқасы, ондай тұлғалардың болғанын, қазірде де бар екенін мақтан тұтып, олардың есімін қайталап отыру – парызымыз. Мұндай парызды тек «туған институты» мен туған облысы не ауданы, туған ауылы ғана емес, өзге жерлерде де реті келгенде жастарға үлгі етіп айтып, жазып жатсақ, артық болмас еді.

Осылайша сөйлетіп отырған рухыңа тәу етеміз, ардақты ғалым, сан жылдар сыйлас, пікірлес, тілеулес болған асыл азамат Ғұбеке-Ғұбайдолла Айдаров.

*Рабиға Сыздық,
“Ана тілі” газеті, 28 қазан, 2011 ж.*

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Берілген даналық сөздерді дәптерлеріңізге көшіріп, Ана тілі туралы шығарма жазыңыздар.

... Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әрі жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылуын сақтауын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.

А.Байтұрсынов.

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда мән де, дәм де болуы керек.

С.Торайғыров.

Ақыл көркі – тіл,
Тілдің көркі – сөз,
Адам көркі – жүз,
Жүздің көркі – көз.

Ю.Баласағұн.

Ауыз көркі – тіл,
Тілдің көркі – сөз.

Көне қытшақ жазу ескерткіші.

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.

Ю.Баласағұн.

Мұрагер

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – **аралас буынды сөз**. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып араласып келіп тұр.
2. Бұл сөз: **мұ – ра – гер** болып үш буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар. **Мұ, ра** буындары – **ашық буындар**. Себебі... **гер** буыны – **бітеу буын**. Себебі...
3. Бұл сөз:
Мұ- | болып екі жағдайда тасымалданады.
ра- | Себебі...
гер |
x x /
4. Мұрагер **Толық жауап беріңіз.**
5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі, **(-гер)** буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың қатарына жатады.

Соңында жіңішкелік белгісі бар бір буынды сөздер мен **-брь, -ль** дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке түрінде жалғанады.

Тілімізде осындай заңдылықтармен бірге буын үндестігіне бағынбайтын мынандай қосымшалар да бар:

- мен, -бен, -пен;
- қор;
- паз;
- қой;
- нікі (-дікі, -тікі);
- той, -тал, -еке;
- кер, -гер;
- хана;
- күнем;
- ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ист, -изм.

Өнерпаздар

1. Бұл сөз... Себебі...
2. Бұл сөз **ө – нер – паз – дар** болып төрт буынға бөлінеді. Себебі... **Ө** – буыны ашық буын. Себебі... **нер, паз, дар** буындары бітеу буындар. Себебі...
3. Бұл сөз төрт буыннан тұрғанымен өнер – болып екі жағдайда ғана тасымалданады.
паз – Себебі...
дар
4. Бұл сөзде екпін қай буынға түседі?
5. Сөзде түбір мен бірінші қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі (**-паз**) буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың қатарына жатады. Бірінші қосымша мен екінші қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі, бірінші қосымша (**-паз**) жуан болғандықтан оған жалғанатын екінші қосымшаның да жуан (**-дар**) нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның (**-дер**) жіңішке нұсқасын алмаймыз.

1-жаттығу.

Мұғаліммен, ұшақпен, қобызбен, пайдакүнем сөздерін жоғарыдағы үлгіні басшылыққа ала отырып, ауызша талдау жасаңыздар.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар. Асты сызылған сөздерге жазбаша толық сөзсазындық талдау жасаңыздар.

Бала күннің досына

Ес білгелі, білем, достым, мен сені,
Ол кездерде екі үйіміз көрші еді.
Құстар келіп ұя салып жататын,
Ауладағы теректерге еңселі.

Қиялменен көк пен жерді шарладық,
Қиялменен қай майданға бармадық.
Төбелес деп айдап салды ағалар,
Біз олардың тілін бұл жол алмадық.

Тәттісің ғой, о, балалық, қиял-ай,

Тұра берсін бақ туымыз құламай.
Үйрендік біз жылдап көріспеуге де,
Досым, досым болып кетті бұ қалай.
Қызықсың ғой, о, балалық қиял-ай,
Ғұмыр кешкін бақ жұлдызың құламай.
Сен жүресің бар-жоғымды ұмытып,
Мен де жүрем жағдайыңды сұрамай.

Бір қуандық, бір жылындық шуаққа,
Бала болып мінбесек те құр атқа.
Өкпелескен күніміз де бар шығар,
Сағынысқан күніміз көп бірақ та.
Өміріміз қуанышқа бөленді,
Талай жылдар бірге де айттық өлеңді.
Интернатта, мұздай суық бөлмеде,
Ұмыттың ба, кім жылытты денеңді.

Қанша айтқанмен, ұға бермес мұны әркім,
Мен сенімен кездесуге құмармын.
Сенің аппақ көңіліңе, бәлкім, мен,
Абайсызда дақ түсірген шығармын.

Тұманбай Молдағалиев.

3-жаттығу.

Жапон балалырынан қандай үлгі алуға болады, сол туралы өз ойларыңызды ортаға салыңыздар. Қарамен берілген сөздердегі дауысты дыбыстарға жазбаша математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер.

Жапон балаларының кереметі

Жапонияның қазір бүкіл әлем озық интеллектуалды-технологиялық мемлекет ретінде таниды. Ал, осының басты себебі, олардың білім беру жүйесіндегі жетістіктері екеніне жете хабардар емеспіз. Жапон халқы білім беруді ұлттық, ата-баба дәстүрімен тығыз байланыстыра отырып, “білімдегі жапондық кереметті” тудырған ел. Өткен жылы сәті түсіп Токиодағы Цукуба **университетінің** Бастауыш мектебінде болдым.

Мектеп 1880 жылы құрылған. Мектептің бас құжатында: “Адамдар алдымен өз бойында руханилықты қалыптастырып, адамгершілік (моральдық) қағидаларды ұстануы керек, содан кейін олар өз қабілеттеріне сәйкес әртүрлі пәндердіменгере алады”, – делінген.

Мектеп құрылған жылы яғни осыдан 128 жыл бұрын анықталған мектептің мақсаты күні бүгінге дейін ешқандай өзгеріссіз сақталған: Өзім адам ретінде терең түсінетін, дәстүрді жалғастыратын, дамытатын және өзін Жапонияның азаматы деп ұғынатын, дені сау, алғыр бала тәрбиелеу.

Жапониядағы бастауыш мектеп – 6 жылдық. Бұл мектепте 4 бірінші сынып, 4 екінші сынып т.б. бар. Әрбір сыныпта 40 баладан. Мектепте барлығы 960 оқушы оқиды.

Сағат 8-ден 5 минут кеткенде танертеңгілік дене шынықтыру басталады. Ол 20 минутқа созылды. Балалар өте белсенді, барлығы қимыл-қозғалыс үстінде. Негізінен, секірмек (скакалька) қолданылады және эстафеталық ойындар **ұйымдастырылды**. Жаттығу біткен соң бірге сусебер қабылдауға немесе бассейнге шомылуға 20 минут уақыт бөлінді. Сағат 8-ден 45 минут кеткенде сабақ басталды, ешкім кешіккен жоқ. Кейбір балалар сабаққа басына сүлгі салып келді. Бұл әдеттегі жағдай екен, оған ешкім де назар аударған жоқ.

Жапониядағы белгілі әдіскерлердің бірі – сэнсей Танака Хирошидің әртүрлі сыныптарда өткізген екі сабағына қатыстым. Ол танымал әдіскер ретінде мектептің акт залында мұғалімдерге арналған көрнекі сабақтар жүргізіп тұрады. Ол сабақтарды теледидар арқылы бүкіл Жапон елінің **мұғалімдері** көре алады. Танака Хироши таңертең балалармен бірге белсенді түрде спортпен айналысты. Әрине, мұғалімнің шеберлігі оның әрбір қимыл-қозғалысы мен түсіндірулерінен сезіліп тұрды. Әрбір бала сабақта өз партасында отыр. Сабақта ұжым болып жұмыс істейтін кезде олар бірнеше рет, әдетте, төрт-төрттен парталарын біріктіріп, содан кейін қайтадан бөлек-бөлек отырды. Бұны олар өте тез орындады. Партада балалар қалай отырғысы келсе, солай отырды. Бұған рұқсат берілгені көрініп тұр.

Мектепте күні бойы болғанда мұғалімдердің біреуінің оқушыларға дауыс көтергенін естіген жоқпын. Балалармен өз қателерін өздері саналы түрде түсінгенше сабырлы түрде жұмыс істеу керек екен. Сэнсей Хироши оқушылардың бақылау жұмысын көрсетті. Бірақ сэнсей Хирошидің бірде-бір түзетуін көрмеген соң, “Шынымен, мүлде қате жоқ па?” – деп сұрадым. Ол: “Әрине, қате бар”, – деп, күліп жауап берді. Сөйтіп, бақылау жұмыстарында қойылған белгілерді көрсетті. “Осы белгіні көрген соң, балалар қате бар екенін түсінеді. Олар өз бетімен қайтадан жұмыс істеп, нәтижесін көрсетеді. Егер қажет болса, материалды толық игергенше, тағы да түсіндіремін”, – деді. Сабаққа қатысқанда басқа мұғалімдердің де осылай жұмыс істегеніне көз жеткіздім. Бізбен бірге сабаққа ата-аналар да қатысты, оларға да ешкім назар аудармады. Бұл – әдеттегі жағдай екен. Ата-аналарға сабаққа қатысуға рұқсат етіледі, тіпті сабаққа қатысуға **ынталандырады**. Мектеп өмірмен толық танысу үшін ата-аналарға ресми түрде жылына 3 күн белгіленеді. Бұл күндері барлық ата-аналар мектепке келеді. Осы күндері мектеп әдеттегі уақытпен жұмыс істейді. Барлық сабақтар сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

4 сабақтан соң ұзақтығы 1 сағатқа созылатын үлкен үзіліс болды. Үзіліс кезінде балалар түскі тамақтарын ішіп, мектепті жинайды. Мені сэнсей Хирошидің екінші сыныбына түскі асқа шақырды. Парталар төрт-төрттен біріктіріліпті. Балалар бір-біріне қарап отырды. Балалар арбамен түскі тамақ алып келді. Әрбір бала тарелкасына өздері тамақ салып, өз орындарына отырды. Бір-біріне: “Ас дәмді болсын”, – деп, бәрі бір мезетте тамақ ішуге кірісті. Сэнсей Хироши де өзінің жұмыс үстелінде тамақ ішті. Тамақ ішіп

болған соң олар арбаға тарелка, қасық, шанышқы, арнайы сүт өнімінің бөтелкесін тез-тез салып, оқушылардың біразы оларды алып кетті. Бірнеше минуттан кейін бүкіл мектептің жинастыру орнына қалай айналып кеткенін түсінбей қалдым. Барлық бала сыныпты жинауға кірісіп кетті. Әрбір сыныпта 1-6-сынып аралығындағы 12 баладан болды. Барлығының қолында шелек, еден жуатын шүберектері бар. Сынып, дәліз, 960 балаға есептелген акт залын қосқанда барлық бөлменің шаңын сүртіп, еденін жуа бастады. Екі спорт алаңын, мектеп аумағын жинады, гүлдер мен ағаштарға су құйды. Мен мұғалімдерді көрген жоқпын. Содан кейін мұғалімдердің қайда екенін сұрадым. Менің сұрағыма мектеп директорының орынбасары: “Мұғалімдер балаларға ешқандай ескерту жасамайды, егер қажет болса, олардың іс-әрекетін түзетеді”, – деп жауап берді. Кейін мен спорттық форма киген бірнеше мұғалімді көрдім, олар балалардың іс-әрекетін бақылап тұрды. Сыныптағы барлық жұмыстың балалардың жасына қарай бөлінгенін байқадым. Үлкендері су тасып, парталарды жылжытып, ал ең кішкентайлары **шүберекті** ылғалдап, шаң сүртіп, еденді жуды. Олардан сәл үлкендері солармен бірге жүрді. Бір сыныпта бірінші сынып оқушылары ойнап жүріп байқамай шелектегі суды төгіп алды, бірақ оларға ешкім ұрысқан жоқ. Сыныпта мұғалім жүреді, ол да ескерту жасамады. Олар іс-әрекетінің дұрыс емес екенін сезініп, ұялып қалды. Барлығы да ештеңе болмағандай қалып танытты. Бір сағаттан кейін барлық құрал-саймандар өз орындарына мұқият қойылып, барлық бала партада отырды. Дәлізде ешкім болмады.

Мектеп директорының орынбасары айына бір рет жалпы жинастыру жасалатынын, сол кезде барлық терезе жуылатынын айтты.

Соңғы сабақта спорт алаңында бір сынып дене шынықтырумен айналысып жатты. Бір адам арнайы арбамен жүгіріп жүріп, спорт алаңына ақ жолақтар сызып, алаңды дене тәрбиесі сабағын жүргізуге дайындады. Біз оларға жақындағанымызда, мен математика пәнін жүргізетін сэнсей Хирошиді таныдым. Ол күліп тұрып тағы да сәлемдесті. Мен нағыз бақытты адамның жүзін көрдім. Балалардың өз мұғаліміне ерекше **сүйіспеншілікпен** қарайтынын сездім.

Неліктен мен сэнсей – Мұғалім деген мәзді жазып отырмын? Себебі, жапондықтар мектепке, Мұғалімге үлкен құрметпен қарайды. Мұғалім оқушыларға адамгершілігі жоғары жеке тұлға болып табылады. Жапондықтар: “Мұғалім – бұл ұлттық игілік”, – деп санайды. “Үш қадам кейін шегінсең де, мұғалімнің көлеңкесін баспа”, – дейді халық даналығы. Сондықтан олар “сэнсей” деген сөзді әрқашан құрметпен айтады. Мені де профессор Құсайынов емес, сэнсей Құсайынов деп атады. Мен бұл сөздің, бұл атақтың үлкен **жауапкершілігін** сездім.

Бұл мектепте балалар аптасына 5 күн сабақ оқиды. 1-сыныпта жапон тілі, математика, музыка, адамгершілік тәрбие, сурет салу және сызу, дене шынықтыру сабақтары және жұмасына 3 сағат жалпы сабақ жүргізіледі. Жалпы сабақта балалар әртүрлі пәндерді, мысалы, 1 сағат ағылшын тілін, 1 сағат экология және т.б. оқиды. 3-сыныпта бұл пәндерге қоғамтану мен жаратылыстану, ал 5-сыныпта үй шаруашылығы мен волонтерлік (бұл қарт

адамдармен жұмыс, қоқыс жинау және т.б.) қосылады. Осылай бастауыш сыныпта жеке тұлғаның эмоциялық санасын қалыптастыратын пәндер 70% құрайды. Бұл арақатынас жоғары сыныптарда да сақталады. Бітіруші сыныптар да математика мен қоғамтануға қатысты пәндер жинағының артуына қарамастан, гуманитарлық пәндер 50 % құрайды.

Дене шынықтыруға ерекше мән беріледі. Дене жүктемесіне, әртүрлі қимыл ойындарына, соның ішінде секірмек, эстафеталарға зор назар аударылады. Ең **таңқаларлығы** бұл ойындарға мұғалімдер балалармен бірге қатысады. Мектепте экскурсиялар, жорыққа шығу, “осанпо” (төңірекке жаяу серуендеу) және атуға серуендеу, тіпті белгілі бір тау шыңын бағыдыру – әдепкі жағдайлар болып саналады. Мұғалім Ясуо Хасегова жыл сайын теңізде үш километр қашықтыққа жаппай жүзу бірнеше рет ұйымдастырылатынын, оған кішкентай балалар да қатысатынын мақтанышпен айтып, суреттерін көрсетті. Дене шынықтырудың жапондық әдісінің мәні: бала аман қалудың табиғи жағдайларына барынша жақын, қыста суыққа, жазда ыстыққа төзімді болуы керек. Бала организмнің табиғи төзімділігін арттырумен қатар тәрбиелеудің негізгі әрі өте маңызды элементтерінің бірі – баланы дене тазалығын сақтауға үйрету. Тазалық таза қолдан ғана емес, таза денеден, таза киімнен, таза шаш пен тістен де байқалады.

Бұл мектептің дәлізінде тек суық су ағатын төмен орналасқан крандар бар, одан балалар сыныпты жинастыратын кезде су алады. Балалар қыста да тек суық суды пайдаланады. Осыған байланысты ешқандай ауру тіркелмеген. Мектептен басқа әрбір отбасы міндетті түрде балаларды ерте жастан денесін шынықтырумен айналысады. Осы жерде Жапония адамның өмір сүру ұзақтығы жағынан дүние жүзінде бірінші орын алатынын айта кеткен жөн. Жапон халқының орта жасы қазақстандықтардың орта жасына қарағанда 20 жылдай артық.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу екі аспектіде жүзеге асырылады. Бұл – **таңертеңгілік** дене жаттығуын жүргізу, түскі ас шаралары, мектепті күнделікті жинастыру, сабақ өткізу әдістемесі, балалармен қарым-қатынас және т.б. Екіншіден, адамгершілік тәрбиесі жөнінен арнайы сабақ жүргізу, бұған үй шаруашылығы бойынша сабақты да жатқызуға болады. Жапон тілі, музыка, сурет салу мен сызу, дене шынықтыру және экология сабақтарын жүргізген кезде де адамгершілік тәрбиесіне ерекше мін беріледі. Мысалы, түскі ас шаралары кезінде тамаққа деген көзқарас, жеке бас гигиенасын сақтау, қоқыс жинау, тазалық сақтау, өзара қарым-қатынас, өзара сыйластық және т.б. қалыптасады.

Үй шаруашылығы сабағының міндеті – өзінің жеке тәжірибесі арқылы адамның дербестігін тәрбиелеу, танымдық іс-әрекетін тудыру, қоршаған ортамен өзара байланысты ұғындыру, өз бетінше өмір сүрудің негізгі дағдыларын қалыптастыру: әртүрлі өмір жағдаяттарында сәйкес іс-әрекет ету, бақылау, жақын адамдарына көмектесу және т.б. Бастысы – балалар жапон асханасының ерекшеліктерін оқып-біледі, қалай ішіп-жеуді, бір сөзбен

айтқанда, жапон ұлттық асханасы және жапон ұлттық тағамдары туралы біледі.

Мен сәнсей Я.Хасеговадан бұл мектепте қарапайым отбасы балалары оқи ма деп сұрадым. Ол күліп, мектеп бітірушілердің арасынан Жапонияның үш премьер-министрі және Нобель **СЫЙЛЫҒЫНЫҢ** лауреаты шыққанын айтты. Олар да мектепте оқыған кезінде мектепті жинаумен айналысқан. Бұл – мектептің негізі қаланған яғни жүз жылдан астам уақыттан бері сақталып келе жатқан дәстүр екен.

Я.Хасеговадан “Бұл мектеп қой, тәрбиелейтін мекеме емес, неліктен мектептің негізгі мақсатында білім сапасы туралы бірде-бір сөз жоқ?” – деп сұрадым. Бұған ол: “Бұл – әрбір мұғалімнің міндеті”, – деп сабырмен жауап берді.

*Асқарбек Құсайынов,
“Ар ілімі” Республикалық жасөспірімдер журналы,
№1, 2011 ж.*

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Нақыл сөздерді оқып, өз ұстаздарыңыз жайлы ой толғаңыздар.

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек...

...Ұстаздың мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді.

Әл-Фараби.


Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.

БІ. Алтынсарин.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім

алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

А. Байтұрсынов.



Дыбыс үндестігі дегеніміз – түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгертуі.

Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысы кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ілгерінді ықпал дейді.


Ілгерінді ықпал түбір мен қосымшаның аралығында, біріккен сөз бен сөз тіркесінің аралығында ұшырасады.

Түбір мен қосымшаның аралығындағы ілгерінді ықпал:

- а) Сөз дауысты дыбысқа немесе үнді мен ұяңның біріне бітсе, қосымша не үнді не ұяңнан басталып жалғанады.
- ә) Сөз қатаң дауыссызға немесе **б, в, г, д** дауыссыздарының біріне бітсе, қосымша қатаңнан басталып жалғанады.
- б) Сөз соңындағы **ш** дыбысының әсерінен қосымшаның басқы **с** дыбысы айтылуда өзгеріп **ш** болып дыбысталады, бірақ жазуда **с** дыбысы сақталады.

Біріккен сөз бен сөз тіркесінің сыңарлары аралығындағы ілгерінді ықпал:

- а) Алғашқы сыңардың соңғы қатаң дыбысы кейінгі сыңардың бастапқы ұяң дыбысын айтылуда қатаңға айналдырады. Бірақ жазуда бұл ескерілмейді, соңғы сыңардың бастапқы ұяң дыбысы сақталады.
- ә) Алғашқы сыңар дауыстыға немесе үнді мен ұяңның біріне бітсе, соңғы сыңардың бастапқы қатаң дыбысы айтылуда ұяңдайды. Бірақ жазуда бұл ескерілмейді, соңғы сыңардың бастапқы қатаң дыбысы сақталады.



Қазақ тілінде түбір мен қосымшаның және біріккен сөз сыңарларының аралығында, сөз тіркестері сыңарларының арасында кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер ететін жағдайы жиі кездеседі. Кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсерінен алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа ұқсап өзгеруін кейінді ықпал дейміз.

Кейінді ықпал мына төмендегідей орындарда байқалады:

Бір сөз көлемінде немесе екі сөз аралығында кейінгі дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етіп, ықпал жасауын кейінді ықпал дейміз. Кейінді ықпал мына төмендегідей орындарда байқалады.

1. **К, қ, п** дыбыстарының біріне аяқталған сөздерге жалғанатын қосымшалардың басқы дыбысы дауысты дыбыстан басталса, бұл үшеуі ұяндай (**г, ғ, б**) түседі. Жазуда естілуінше жазамыз. Мысалы: *тарақ – тарағы, жүрек – жүрегі, доп – добымыз, қақ – қағу, төк – төгу, шап – шабады, төк – төгілді.*

2. Түбірдің соңғы **н** дыбысы **б, п** дыбыстарының алдынан келсе, **н** дыбысы айтуда өзгеріп, **м** дыбысына айналады, жазуда бірақ мұны ескермейміз. Мысалы, *сен-бе – сембе, Жан-пейіс – Жампейіс, Құрман-бек – Құрмамбек, т.б.*

3. Түбірдің соңғы **ң** дыбысы **к, қ, г, ғ** дыбыстарының алдынан келсе, айтуда **н** дыбысы өзгеріп, **ң** дыбысына айналады, бірақ жазуда оны елемейміз. Мысалы: *бір күн-гі (бір күңгі), Аман-күл (Амаң-күл), сән-қой (сәңқой), Дүйсен-қали (Дүйсеңқали), т.б.*

4. Түбірдің соңғы дыбысы – **с, з** дыбыстарының бірі **ш** дыбысының алдынан келсе, ол екеуі айтылуда **ш** дыбысына айналып кетеді, жазуда бұл еленбейді. Мысалы: *колхоз-шы (колхошшы), жұмыс-шы (жұмышшы), сөз-шең (сөшшең), жұмыс шамасы (жұмыш шамасы).*

5. Түбір сөздің соңғы **з** дыбысы **с** дыбысының алдынан келсе, **з** дыбысы **с** дыбысына айналады, жазуда бұл еленбейді. Мысалы, *көз сал (көссал), тұз-сыз (тұссыз), жаз-са (жасса), т.б.*

6. Алғашқы сөздің соңғы дыбысы **з** болып, одан кейінгі сөз **ж** дыбысынан басталса, **з** дыбысы **ж** дыбысына айналады, бірақ жазуда еленбейді. Мысалы: *Боз-жігіт (Божжігіт), Боз-жан (Божжан), Ораз-жан (Оражжан).*

Сөз ішінде немесе сөз аралығында **н** дыбысы мен **қ** дыбысы қатар келсе, не **с** дыбысы мен **ж** дыбысы қатар келсе (көршілес келсе), айтуда **н** дыбысы **ң**-ға, **қ** дыбысы **ғ** дыбысына, сондай-ақ **с** дыбысы өзгеріп **ш**-ға, **ж** дыбысы өзгеріп **ш** дыбысына айналады. Мысалы: *Қазан-қап (Қазаңпап), Жылан-қарағы (Жылаңқарағы), Есен-келді (Есеңгелді), Дос-жан (Дошшан), Бес-жан (Бешишан).*

Мұнда әрқелкі дыбыстар қатар келіп тоғысып, екеуі де бірін-бірі өзіне еркін ұқсата алмай, басқа дыбыстарға ауысып кетіп отыр. Тіл біліміне мұндай құбылысты тоғыспалы ықпал дейді. Бірақ бұл жазуда ескерілмейді.

Аймағына

1. Бұл сөз... Себебі...

2. Бұл сөз **ай – ма – ғы – на** болып төрт буынға бөлінеді. Себебі... **Ай** – буыны тұйық буын. Себебі... **ма – ғы – на** буындары ашық буындар. Себебі...

3. Бұл сөз:

Ай –	болып үш жағдайда тасымалданған.
ма –	Себебі...
ғы –	
на	

4. Бұл сөзде екпін қай буынға түседі?

5. Сөзде түбір мен қосымшаның, қосымша мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі, түбірдің соңғы буыны **мақ** жуан болғандықтан оған жалғанатын бірінші қосымшаның да жуан (**-ы**) нұсқасы келіп тұр, сондықтан біз оның жіңішке (**-і**) нұсқасын алмаймыз. Бірінші қосымша (**-ы**) жуан болғандықтан оған жалғанатын екінші қосымшаның да жуан (**на**) нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның жіңішке (**-не**) нұсқасын алмаймыз.

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен бірінші қосымшаның арасында кейінді ықпал, бірінші қосымша мен екінші қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар. Себебі, бірінші қосымша (**-ы**) дауысты болғандықтан өзінің алдындағы **қ** қатаң дыбысы **ғ** ұяң дыбысына айналдырып тұр. Себебі, дауысты дыбыс таза үннен тұр, қатаң дыбыс тек салдырдан тұрады. Сондықтан үн мен салдыр үйлеспегендіктен қатаң дыбысты бойында сәл де болса үні бар ұяң дыбысына айналдырып тұр. Бірінші қосымша **ы** дауысты болғандықтан өзіне жалғанатын екінші қосымшаның алғашқы дыбысының **н** ұяңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын (**-ға**); қатаңнан басталатын (**-қа**) нұсқасын алмаймыз.

1-жаттығу.

Жүрегі, төгілді, Жампейіс сөздерін жоғарыдағы үлгі бойынша жазбаша талдаңыздар.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар. Асты сызылған сөздерге жазбаша сөзсазындық талдау жасаңыздар.

Жайығым – жерұйығым

Ақ жайығым, толықсыған, толысқан,
Шағанменен, Деркөлменен тоғысқан.
Жер үстінің Жұмағы да өзіңсің,
Мен айналдым сендей құтты қоныстан.

Мың бұралып Атырауға оралған,
Тіршіліктің нәрі болып таралған,
Туған жердің жаннатысың Ақ Жайық,
Бұдан артық саған теңеу таба алман.

Сенде ғана өрге жүзер қайығым,
Шаттығым – сен,
Сенсің менің уайымым.
Жер үстінің Пейіші де өзіңсің,
Басылмасын арының Ақ Жайығым!

Толқыныңның үнін тыңдар ел ұйып,
Өр басымды тұрмын саған мен иіп.
Қазағыммен мәңгі бірге жасай бер
Ақ Жайық деп аталатын жерұйық!

Қайрат Жұмағалиев

3-жаттығу.

Төменде берілген мәтінде қандай тапқырлық ой айтылған, сіздер не айтар едіңіздер.

Тәуелсіздік кездегі ұлттық кино

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында қазақтың ұлттық киносы өз деңгейін көрсетті. Совет заманында қазақ мәдениеті мен жазуы жоқ, бұлар революциядан кейін пайда болған ел ретінде насихатталды. Тек соңғы 20 жыл ішінде бабалар сөзі сонау Күлтегіннен басталғанын дәлелдейтін әдеби жәдігерлер тұңғыш рет ғылыми айналымға қайта енгізілді. Соцреализм

тұсында асыл сөз үлгісі – қазақ өлеңші ақындарының мұрасы әдейі ескерілмей келді. Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса өлеңдерінің ұлттық формасы қазақ поэзиясының дамуына тікелей әсер еткені айтылмай келді.

“Қазақтың бас ақыны” Абайдың сөз бен әуеннің үйлесімділігін тауып асыл сөздің өлең түрін анықтап берген үлгісін аталған замандастары әрі қарай дамытып әкеткенін совет кезінде мойындалмады. А.Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқышында”, Мағжанның Ақан серінің шығармалары туралы зерттеулерінде бұл әдеби феноменнің теориялық негізі нақты талдаулар арқылы қарастырылған екен. Бұл зерттеулер бізге Тәуелсіздік кезінде ғана белгілі болды. А.Байтұрсынұлы айтқандай бұл асыл сөздер адамның “жан қоштау” керегінен шыққан нәрселер еді. Тәуелсіз кездегі әдебиет пен өнер Алаш әдебиеттануының бұл қағидасын меңгере отырып талай кәсіби зерттеулерге қол жеткізді.

Дегенмен, қазақ асыл сөзінің маржандары Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржанның поэзиясы жеткілікті деңгейде насихатталмай келеді. Киелі сөз иесі ата-бабаларымыз жыраулардың ізбасарлары – Сал мен сері – өлеңші ақындар феномені деген құбылыс несімен ерекше? Сал, серілер туралы ғылыми ақпарат тұңғыш рет Алаш ХХІ ғасыр тұрғысынан қалай түсіндіруге болар еді? Бұл асыл сөз үлгісі өз заманында қандай міндет атқарған? Тәуелсіздікті аңсаған сал мен серілер поэзиясын біз бүгін қалай қабылдауымыз қажет? Осындай сауалдарға 2009 жылы жарық көрген “Біржан сал” фильмі жауап береді.

Әр шығармашылық тұлғаның өзіне басты етіп алған ішкі тақырыбы болады. Қазақтың біртуар актері Досхан Жолжақсын Біржан салдың асыл сөздерін қазіргі заманға қажетті екенін дәлелдеп беруді өзіне міндет етіп алғандай.

ХХІ ғасырдағы өнердің басты жанры – кино тілінде ұлттық асыл сөздің бұл құдіретті жанрының қыр-сырын ашып беруді жоба жетекшісі өте ұтымды етіп іске асырған. Біржан салды түсіну үшін сол деңгейдегі талғамдық, эстетика мен этикалық дәреже керек. Екіншіден тақырыпқа деген адалдық пен табандылық керек. “Біржан сал” фильмі актер Досхан Жолжақсынның режиссерлік, не актерлік қана жемісі емес. Фильмде асыл сөздің құдіретті күшін сезінген Біржанның мұрасы қазіргі қазаққа қажетті екені дәлелденген. Осыған дейін әдебиетшілердің зерттеулерінде ғана орын алған сал мен серілер типтері көркем суреттелген. Сал мен серілер туралы арнайы зерттеулер сонау Алаш әдебиеттануынан бас алып Е.Ысмайылов пен Е.Тұрсыновқа дейін жалғасқаны белгілі. Бірақ осы ғылыми маңызды мағлұматты қазіргі заман тілі – фильм арқылы нақыштап берудің жөні ерекше. Шынында да, біз ұлттық мүддені көздеген бабалар сөзін тек ұзақ зерттеулер емес, нақты бейнеобраз арқылы қазіргі заман тілімен тура осылай, жеткізе білуіміз керек.

Д.Жолжақсынның басты продюсерлік мақсаты – “Біржан сал” фильмі қазіргі қазаққа ата-бабамыздың әдепті өмір сүру тәжірибесі болғанын ғана емес, оның асыл сөз иелері өнерге адал болып ұлт тәуелсіздігі үшін күрестің басынан табылып, билік пен қарайған халық арасында дәнекер болғанын

осылай еске салу болып табылады. Сал мен серілер өз алдына бір театр болғаны да фильмде өте бейнелі көрсетілген. Сал мен серінің басқа ақындардан қандай айырмашылығы бар? деген сауалға жауап алу үшін де “Біржан сал” фильмін көру керек. Қазақ өнері сонау атам заманынан тектілер ісі болғаны да бұл фильмде өте ұтымды дәлелденген.

Әжелеріміз қазақ елі бай, қуатты ел болғанын айтатын. Біз үшін бұл қазіргі кездегі оқулықтарда да жоқ фантастикалық әлем сияқты болатын. “Баяғы бір заманда, дін мұсылман аманда” деп басталатын тарихи жырларда ел қорғаған асыл ерлердің істері ғана емес, қазақтың өркениетті, еңсели мәдениетті өмірі бейнеленген еді. Ал бізге күні бүгін көрсетілетін мұрағат деректерінде неге тек аш-жалаңаш қазақ көрсетіледі екен? Неге төңкеріске дейінгі қазақ өмірі еңсесі түскен, тұрмысы төмен қазақтың суреттерімен ғана шектеледі? “Біржан сал” фильмі осы қолдан жасалған советтік тарихи өтірікті жоққа шығарады.

Қазақ өзінің жырауы мен ақындарын құрметтей алатын, мәдениеті мен парасаты өте биік деңгейдегі ел болғаны фильмде батыл айқындалған. Сал мен серілердің киім кию үлгісі, қоғамдағы орны, ел арасындағы ықпалы мен ел еркесі болуының қыр-сыры “Біржан сал” фильмінде шынайы көрсетілгенімен құнды. Е.Ысмайылов айтқандай: “Сал мен серілер қазақ қоғамының мәдениетті өкілдері ғана емес, сол мәдениетті тудырушы тұлғалар”.

Қазақтың дәулетті, берекелі әлеуметтік тұрмысы бар болғанын да “Біржан сал” фильмі бізге осылай дәлелдеп бергендей. Олай болса, ұлттық тарихтың намысын көтеріп, ұлт мәдениетінің мәңгілік сырын анықтап берген бұл фильм Тәуелсіз кездегі мәдениет пен өнерді бағалауға қажетті талғам критерийлерін анықтап бергенімен де құнды болып табылады.

Ұлттық дәстүр – қазіргі заманға несімен қажет? Біржан сал өлеңдерінің мәңгілік сыры неде? Шынайы асыл сөз иесі несімен ерекшеленеді?

Қазіргі тойшыл, науқаншыл ақындардан сал мен сері бабалардың сөзінің айырмашылығы неде? Біржанның ақындық ғұмыры мен тұлғалық әрекеттері неге сол кездегі билікке ұнамады?

Ақынның басын жарған атқамінерлердің ғұмыры неге ұзаққа бармады? Қарайған халықтың сөзін тауып айта білген Біржан сал неге билікке жағынуды өзіне қорлық деп санады? Мағжан Жұмабай 1923 жылы жарияланған “Ақан сері” зерттеуінде былай депті: “Ақанның бір сұлу сипаты – елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе өзінің өмірімен суреттей білгені. Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу – ірі жанды адамның ғана қолынан келмек”. Бұл сөздер Біржанға да қатысты екені анық.

Алаш ақыны М.Жұмабай “Базар жырау” атты зерттеуінде (Ақжол, 1923) былай деп тұжырымдаған: “Тегінде, ақын біткеннің бәрі мықтыны, бай біткеннің бәрін мақтай берген емес. Шын ақындар өздерінше мақтауға тұрарлығын ғана мақтаған. Мысалы, Базар жырау “Темір Тұяқ Мұрынды” мақтаса, халқы “Құрандай жапырылып” сөзіне құлақ салғаны үшін, яғни жалпақ елдің ақылгөйі болғаны үшін мақтап отыр... Қысқасы, қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаған емес. “Байтаққа пана болған

мықтыны мақтаған. Білгі қарадан шыққан қазақтың ақыны еш уақытта карасын ұмытқан емес”. Бұл да қазіргі өмірімізге қажетті өнеге.

Продюссер Д.Жолжақсынның ұлттық киноның үлгісін көрсетіп, ұлттық кейіпкер – Біржан сал бейнесін қазіргі тәуелсіз кездің қазағына жеткізген жобасы қазіргі ұлттық құндылықтарды насихаттауға құлқы жоқ киношылдарға үлгі боларлық тәжірибе.

Олай болса, актерлік, әншілік, продюссерлік, режиссерлік істердің биік кәсібилік деңгейін көрсеткен “Біржан сал” фильмі Тәуелсіздік кездегі ұлттық құндылықтардың қазақ киносындағы ұтымды дәлелі болып қала бермек.

Дегенмен, фильмде екі әттеген-ай орын алған. Өкінішке орай, классикалық “Біржан-Сара” айтысы ескерусіз қалған. Екіншіден, кинода ерекше мән беріліп көрсетілген ақ киімді Мүйізді әйел (?) бейнесі қазаққа жат болып көрінді.

Өз басым көрерменнің қазақ киносын тұңғыш рет түрегеп тұрып көргенінің куәгері болдым. Мәскеуде атақты Тарковскийдің фильмдерін ел осылай орын жетпей қалса да, түрегеп тұрып көруші еді. Қазақ серілерінің шынайылықты аңсаған өмірі мен іш құсалыққа апарған тектілік істерін суреттеп берген “Біржан сал” фильмі қазіргі ұлттық киноның үлгісін көрсеткенімен ерекше.

Қазақтың Тәуелсіз кездегі ұлттық киносының деңгейін көтеріп тастаған режиссер, актер Д.Жолжақсынның бұл жобасы қазіргі мәдени кеңістікке сын көзімен қарап, ұлттық құндылықтарды заманға сай жаңғарта білуді алға тартады. Тектілердің асыл сөздерін Тәуелсіз кезге қажетті етіп дәлелдеген істеріңіздің ғұмыры ақжолтай бола бергей, Досхан аға!

*Айгул Мұхаммедсерікқызы,
“Ар ілімі” Республикалық жасөспірімдер журналы,
№1, 2011 ж.*

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Даналық сөздерді оқып, адамның жанын емдеудегі бүгінгі дәрігерлердің қызметі жайлы пікірталас ұйымдастырыңыздар.

...тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда – өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуі тиіс.

әл-Фараби.

Денесін жаттықтыру арқылы адам дені сау, төзімді, епті болмақ, өз ақыл-ойынды, өз еркінді осылай шыңдау қажет.

М.Горький.

Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе.

Ғ.Мүсірепов.

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

М. Ғабдуллин.

Мұғалім! Бұл адамның ардақты аты,
Білімдік бар биікке шығар саты.
Ең алғаш басталады осы адамнан,
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты...
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,
Сыйлайды, мәңгі бақи беріп терін.

С. Мұқанов.

Абай қазақ музыкасынан ерекше орын алады... Абай әндері басынан аяғына дейін қазақ музыкасының халықтық интонациясына құрылған.

А.Жұбанов.

Музыканы сезіну бар да, түсіну бар... музыканы жақсы түсіну үшін адамға музыкалық сауаттылық, белгілі бір тәрбие керек.

Қ.Жұмалиев.

Ұяты бармен – ұрыс,
Ұятсызбен ұстаспа.

М.Қашқари.

Ұят – жаман ойдың жүгені.

Ю.Баласағұн.


Жақсы аты қалған ер өлмейді.

С.Сарайи.

Ұстаздың абройы болмаса – шәкірттері оның сақалымен ойнайды.

С.Сарайи.

Сөзсаяндық талдауды ықшамдау принципімен өрнектеу



1-жаттығу.

Бұлттар, күзде, студенттің, университетте сөздерін жоғарыдағы көрсетілген үлгі бойынша талдаңыздар.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

Тіл туралы жыр

Діннен емес, тілден алған үлесін,
Қазақ деген халық барын білесің,
Сондай елдің ұлымын деп өзің де
Шаршы топқа шалқая бір кіресің.

Осы тіл деп мінәжатың, мұратың,
Айтып өткен бар ғұлама, ұлы Ақын.
Елдің дүмі, ердің құны дегендер,
Екі-ақ ауыз сөзге сыйып тұратын.

Сол қызыл тіл арқасында кешелер,
Отқа түсіп, оққа да ұшып нешелер.
Көре-көре көсем болып ұлдары,
Сөйлей келе шешен болған, деседі ел.

Қазақ дейтін қалың елде қыры кең,
Болды қашан қара сөздің құны кем.
Тілі еді ғой қайтарған да жау бетін
Қаз дауысты Қазыбектер үнімен.

Тілі барда небір сері, не серкең,
Иығы асып, өзгелермен өсер тең.
"Өлер едім, депті Расул, бүгін-ақ,
Авар тілі жоқ болады, десе, ертең!"

Діннен емес, тілден тауып керегін,
Қазақпын деп, қайсар өскен ел едің.
Ана тілім құрыр болса,
Мен де сол:
"Өмір сүріп керегі не!" - дер едім.

Салтымызда жоқ еді деп, ғұрыпта,
Сылтау іздеп жатпайыншы сыныққа.
Көзге мақтап қайте қоям, өйткені
Сөзден аттап кете алмайды ұлық та.

Мұратыңа жетем десең көздеген,
Бұрынырақ өтем десең өзгеден,
Айтқаныңнан айнып кетпей,
Абай бол:

Тас жармаса,
Бас жарады сөз деген!

Болжап біліп болашағын, салмақтап,
Әппақ уыз, алдындағы дәмді ақтап.
Өтсе деймін ұрпақтарым ендігі
Ана тілін анасындай ардақтап.

Сөз аяғы айналды деп ұранға
Тарпаң інім тағы да бір сынар ма, -
Қайтем бірақ,
Қаным бірге тіліммен,
Әнім бірге,
Жаным бірге шығарда!....

Сәкен Иманасов

3-жаттығу.

Төменде берілген мәтінде қандай тапқырлық ой айтылған, сіз қандай пікір білдірер едіңіз?

Жақсыға жаман кесір

Патша заманында Көкше өңірінің Қозыбай деген бір жақсы адамы Семей жаққа жер ауып келіпті. Сонда Темірғали шешеннің айтқан жұбату сөзі:

– Жақсыға жаман кесір, жақсы кетсе – жесір. Тобында жақсы болса пайдасы тиер, елінде тентек болса найзасы тиер, кең қолтық қоғамшыл болсаң, халқың сүйер. Шошынбас жүрек болмас, тосылмас жүйрік болмас, дәмінді алыстан жазса, бармасқа басында ерік болмас.

Қисық ағаш тезден мұқайды, дау сөзден мұқайды, ел ішінен шыққан дұшпан жаман, өзінен-өзі мұқайды. Ер жігітке тағылған шынжыр, арқан – ат емес, қайратпен оны сүйретпеген нар емес. Біздің елдің жаманы басыңыздан пәле кетпестей көріп жүрген шығар. Сіздің елдің жаманы енді оралып келместей көріп жүрген шығар. Дәміңізді алыстан жазса, топырағыңызды туған жерден жазар, ешнәрсе ойламаңыз.

Газеттен.

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

А. Байтұрсынов.

Әр халықтың ана тілі – білімінің кілті... біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын.

А. Жұбанов.

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады.

Ғ. Мүсірепов.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б. Момышұлы.

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес.

М. Әуезов.

Қазақ тілі бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбулдарда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшалап, сартшылап қайтіп жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымыздың қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі “Тіл құралы” екенін ұмытпасқа керек.

М. Дулатов.


Адамға тілене беру – ұят: тапқан наны көбегенімен, абройы азады:
Көп тілену – жұмыс емес кәделі –
Нан көбейер, біраз азар беделі.

С. Сарайи.

«Жақсы атақ қалса, ол екінші өмір болады»– дейді ақылды кісілер.

Рашид-әд-дин.

Сөзсаяндық талдауды қысқаша ықшамдау принципiмен өрнектеу



1-жаттығу.

Төмендегі нақыл сөзді жаттап, құрамындағы сөздерге фонологиялық талдауды қысқаша жазбаша ықшамдау принципiмен өрнектеңіздер.

Адамды білім сақтайды.

Жүсіп Баласағұн.

2-жаттығу.

Төмендегі өлең жолдарын жаттап алыңыздар.

Шаттан, қазақ

Сырттан жау сан қайтара шапқан қазақ,

Сан өшкен отын қайта жаққан қазақ,

Тап болып кең пейілі тар заманға,

Тағдырға ән-күймен мұң шаққан қазақ.

Айтқан серт опа күткен анттан қазақ,

Жатқа үміт жарылқар деп артқан қазақ,

Өзді-өзі мәмілеге келмей жүріп,

Өзгені бауырына тартқан қазақ.

Елдікке ерте қанат қаққан қазақ,

Сол жолда талай азап тартқан қазақ,

Арманға өліп-талып жеттің зорға,

Айырыла жаздап тіл мен салттан қазақ.

Жадырап жайлауда мал баққан қазақ,

Жігерлен, білім алып жатқан қазақ,

Енді бар игілігің өзіңдікі

Ойдан дән, таудан алтын тапқан қазақ.

Шашылма жерің тардай, топтан, қазақ,

"Ова" мен құтыл енді "овтан" қазақ.

Болашақ қамын ойла, тегінді біл,

Бар болған ел емессің жоқтан қазақ.

Құтылдың тәуелді, отар шақтан, қазақ,

Сергек бол сан қауіптен сақтан, қазақ.

Еселеп еңбек сіңір елің үшін,

Дербестік алдың, міне, шаттан, қазақ!

Оразақын Асқар

3-жаттығу.

Төменде берілген мәтінде қандай тапқырлық ой айтылған, сіздер қандай пікір білдірер едіңіздер?

Өнер алды – қызыл тіл

Қазақ халқы шешендік сөзді жоғары бағалаған. “Өнер алды – қызыл тіл” деп ұққан ата-бабамыз “от ауыз, орақ тілді” нелер ділмәр шешендердің өсиет сөздерін, табан аузында таппақтап айтқан ақыл-нақылға толы ақындардың толғау, термелерін әлденеше ғасырлар бойы жадында сақтап, оны ойын-тойда қайталап айтып, ұрпақтар тәрбиесінің пәрменді құралы еткен. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударып, “ақылдың көзі – аталы сөз” деп ұққан ата-бабамыз сөйлей білуді үлкен өнер деп санаған. Осы пікірді “Сөз тапқанға қолқа жоқ”, “Шешеннің

сөзі мерген, шебердің ісі мерген”, “Сөз сүйектен өтеді”, “Жақсы сөз – жарым ырыс”, “Жақсы сөз жан семіртеді”, “Жарақты жауды жайратқан – сөз”, “Тіл қылыштан өткір”, т.б. мақал-мәтелдерден байқауға болады.

Жігін тауып сөйлей білудің, логикалық ойды жүйелеп айтып жеткізе білудің өзі шеберлікті, шешендікті, ойлылықты, ақыл-парасатты қажет етеді. Ал ол үшін үздіксіз жаттығу, ынта-жігер, талаптылық керек. “Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез”, – деп текке айтылмаған.

“Сөзінді айт – ұққанға,
Айтып-айтпай не керек

Құлағына мақта тыққанға”, – деген мақал осы ойды мегзейді. Ақылдың қадір-қасиетін көпті көрген қариялар бағалай білген. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінің ақылдан шығатынын сезген олар: “Алтын шірімейді, ақыл арымайды”, “Ақыл азбайды, білім тозбайды”, “Ақыл дария – алсаң да таусылмас”, “Ақылды адам батпан-ақ, ақылсыз адам сасқалақ” деп ақылдың адам өмірінен алатын орнын өз ұрпақтарының санасына сіңіріп келді.

Ақылдың көзі ойда жатыр. Логикалық жүйемен дұрыс ойлай білу, дұрыс жүйелеп сөйлей білу мәдениетін қалыптастырады.

Ал қазақ мақал-мәтелдерінен де осы идеялар өзекті орын алған. Мәселен, “Сөйлей білмеген сөзді өзіне тигізеді”, “Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесің”, “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі”, “Ойнап сөйлесеңде, ойлап сөйле”, “Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар”, “Жүйелі сөз жүйесін табар”, т.б. деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпаққа үнемі ұғындырып келеді. Аз сөйлеп, көп ойды бере білу де логикалық шеберлікті қажет етеді. Осыны жастардың зердесіне ұялатуды қажет деп ұққан қариялар: “Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын”, “Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар”, “Ақылдың сөзі қысқа, көпке болар нұсқа” деп үнемі ескертіп отырған. Халқымыз шешендік өнерді құрметтеп, оған жастарды ерте жаттықтыруға ерекше мән берген. Сөзшең, өнерлі азаматтарға жиын-тойларда төрден орын беріп, қошемет көрсеткен. Сөз бастаған шешенді қол бастаған батырмен пара-пар қойған. Шешендік тапқыр ойдың тұтқасы деп санаған. Ойын-тойда қыз бен жігіттер бір-бір ауыз өлеңмен айтысып, сөз қақтығыстырып ақындыққа, тапқырлыққа талпынған. Сол жеңіл айтыс түрлерінен көзге түскен ақындарды көтермелеп, бүкіл ауылдың, рудың, елдің атынан ұлы дүбір тойларда сөз сайысына түсіріп, сыннан өткізген. Сөзден жеңгендерге ат мінгізіп, шапан кигізіп дәріптеген. Немесе екі елдің дау-шарларын сөз тапқыш ақылды адамдарға жүгініп шешкізетін болған. Сөйтіп, тапқыр ойлы шешендерге үлкен құрмет көрсеткен. Халық аузында ғасырлар бойы ақыл-парасаты аңыз болып келген Жиренше шешен, Аяз би, Алдар көсе, Тазша бала ертегілерінің бас кейіпкерлері – жастарды ақылдылыққа, тапқырлыққа, шешендікке тәрбиелеу ой-қиялынан туған ерлер...

“Қазақ халқының салт-дәстүрлері” кітабынан.

Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу

Он екі мүше сөздеріндегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу.

Б: Он екі мүше = О = □ / Δ = ?

Ш: Он екі мүше = 9о = 5 (о, 2е, і, ү) □ / 4 (н, к, м, ш) Δ;

□

а) 5□ = 1 (о) □ / 4 (2е, і, ү) □ ;

ә) 5□ = □Ø U 3 (о, 2е) □ / 2 (і, ү) □ ;

б) 5□ = 2 (о, ү) □ / 3 (2е, і) □ ;

Δ

а) 4Δ = 2 (к, ш) Δ U ΔØ / 2 (н, м) Δ ;

ә) 4Δ = 1 (к) Δ U 1 (ш) Δ / ΔØ U ΔØ U 2 (н, м) Δ ;

б) 4Δ = 2 (н, ш) Δ U 1 (к) Δ U 1 (м) Δ.

1-жаттығу.

Мына сөздердегі дыбыстарды жоғарыдағы үлгі бойынша талдаңыздар: кітапхана, жазушыларымыз, өндірістік.

2-жаттығу.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

Тілім менің

Домбыра – күй үзіліп күмбірлеген,
Кең даламда той да өтпей дүбірлеген.
Ғұмыр кештік заманда жаға болған
Аға жұрттың тілінде шүлдірлеген.

Ғұмыр кешсін тірлікте кім арланып?
Шүлдірлеуге барша жұрт құмарланып.
Сан жүздеген ұлт жайлап кең өлкемді,
Тілім және үлгерген шұбарланып.

Бапа ағылмай тұс-тұстан жамыраған,
Мектеп қанша жабылып қаңыраған.
Тілім-жалғыз...жалғызын жерге берген
Анадайын зар қағып аңыраған.

Тілім – көне бұйымдай сұрыпталған,
Шындық боп та ауызы құлыпталған.

Ойда жоқта заманнан қысым көріп,
Кемедейін жағаға шығып қалған.

Тұнып аққан у тамып бұлағына,
Тозаң қонып көк желек құрағына,
Полигонға айналған тілім солай
Зіл-заланың ұшырап сынағына.

Ақыл-естен уақыт жаңылғанда,
Жаңылғанда, құтырып қағынғанда.
Құдай сақтап қалғаны тамырына
Қара балта қимақ боп шабылғанда.

Аяр сөзге кезінде сеніп қалып,
Тіршіліктей көктеген өліп-талып.
Тілім содан ғұмырын жалғастырған
Қайта жанған шырақтай сөніп барып.

Әділеттен өзгеге жүгінбеген,
Сүрінсе де, тізесі бүгілмеген,
Халқым еді қасірет көп шексе де,
Қасиетті тілінен түңілмеген.

Тілім менің! Айналдым келбетіңнен,
Сәби боп та бесікте тербетілген.
Қасиетті тілімнің жоғалғаны -
Нар халқымның өшкені жер бетінен.

Еркіндік ап ел-жұртым жайрандаған,
Жайрандаған кезеңде, сайрандаған.
Қазақ болып тегінде жарытпайды,
Кең далама, тіліме айналмаған.

Жармасқанмен дұшпан көз жат көрінген,
Сардар - тілім түспейді ат белінен.
Өжет үнің бүгінде тұр естіліп,
Жер-жаһанның жарқылдап қақ төрінен.

Рафаэль Ниязбек

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, мағынасын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Шәкерім жасынан қолөнерге – ою ойып, киім пішуге, ұсталық ісіне шебер болған дедік. Бұзылған сағат, іс машиналарын бөлшектеп, олардың

құрылыстарымен танысып, оларды жөндейтін де қасиеті бар еді әкейдің. Сағат, машина, темір соғуға, істеуге керекті ұсақ саймандары өзі көз жұмғанша бар болатын. Ағаштан ойған ожаулар, қаралалап соққан пышақтары болушы еді. Шәкерім киімді не қазаққа, не басқа елдер үлгісіне ұқсатпай, пішіп киетін болған. Оюдың бұрынғы қошқар мүйіз нақыштарына бірнеше түрлерін енгізген. Жастық бетінің, тұскиіздің кестелеу оюының нәзік, ұсақ оюларын шығарған. Тек мұнымен ғана шұғылданбай, Абай әкеп берген, әкесінен қалған “Мың бір түн”, ескі қиссаларды жасынан үзбей оқитын болған. Құрбы-құрдастарына өлең шығарып, жиын, той-думанға көп араласқан, 13 жасынан бастап аңшылыққа ауады. Шәкерім: “Аңшылыққа жасымнан құмар болдым. Әкемнен қалған шитіні алып, тауға аң аулап шығып кететін едім. Ауыр шиті иығымды қиып кеткен күндері де болды. Сол аңға құмарлықты қоя алмай кеттім”, – дейтін.

Шәкерімнің басынан өткізген істері өте көп те, әрі қызық. Бірақ оның бәрін жазуға қаншама уақыт керек және сексенге жуықтаған жасы бар менің өмірім де оған жетпес, дегенмен бірлі-жарымын кейінгі ұрпақ үшін хатқа түсірмекпін. Шәкерім бір әңгімесінде: “Әкем қайтыс болғанына көп уақыт өткен жоқ. Мен қыстаудың алдындағы төбеде жалғыз отырып, тасқа өрмелеп бара жатқан жұлдыз құртты езіп өлтіріп алдым. Өлтірсем де оған жаным ашып, өз жетімдігім ойыма түсіп, “құрт болып” өлең шығарғаным есімде. Басқасы ұмытылып, екі аузы ойымда қалды”, – дейтін. Сол екі ауыз өлеңі:

Өлтірдің, онан таптың қандай пайда?
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!
Менің де жетім қалды балаларым,
Олар да жылайды аңсап аналарын.
Өзің жетім, жетімді аясаңшы,
Жоқ екен басыңда ми-саналарың...

Осындай бірнеше ауыз өлең еді. Осы өлеңімді кешке шешелеріме оқып беріп, шешелерімнің жылағаны есімде. Абай келгенде, өз шешем айтып, Абай оқып көрді, шешем Абайға сен Шәкерімге өлеңді әзір жазба деп, ақыл айт дегенде, Абай: “Шәкерімге өлең жазба деменіз; оны тыймаңыз. Жазсын, өзім қалай жазуды үйретемін”, – деді. Абай маған өлеңді қалай жазу керек, қандай өлең жазу керектігін айтып көп-көп кеңес, ақыл беретін. Мені Абай тәрбиеледі. Абай болмағанда, мұндай болуым неғайбыл еді”, – дейтін.

Тоғыз жасында Шәкерімге шешек шығып, қатты ауырады. Осыдан бастап, молдадан оқуды доғарады. Абай Құдайбердінің аулына жиі келіп, інілерінің, жеңгелерінің хал-жағдайын біліп, бірнеше күндеп жатады. Інілеріне, әсіресе, Шәкерімге ақыл айтып, оқитын кітаптар беретін болған...

Шәкерімтану мәселелері. 1-том.

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Даналар сөзін оқып, жолдастарыңызбен ой бөлісіңіздер.

Музыканың негізгі мақсаты адамның эстетикалық қажетін қанағаттандыру. Бұл поэзияға да ортақ қасиет, өйткені тіл мен музыка тілі бір-біріне етене қатысқан кезде музыканың әсерлілігі арта түседі. Адамзатқа тән ерекше бір қасиет – өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ету.

әл-Фараби.

Музыка теориясының негізгі принциптерін тек түйсік, тәжірибе арқылы білуге болады.

әл-Фараби.

... Музыканың үш түрі бар... Біріншісі, жай ғана рахат сезімін туғызады, екіншісі, құмарлықты, ынтықтықты білдіреді, үшіншісі, біздің қиялымызға бағытталады... Жағымды сезім оятатын музыка демалыс үшін қолданылады, ол бізді жақсы тынықтырады.

әл-Фараби.

...Адам танымы бес бастаудан нәр алатын асау өзен іспеттес. Оның бірі – көру, екіншісі – есту, үшіншісі – түйсіну, төртіншісі – иіс сезу, бесіншісі – дәм... Сезім органдарына тек тап-таза бейнелер ғана келіп түспейді, сонымен бірге бұған ескі-құсқысы аралас, тіпті лас нәрселер де келеді. Ойлау оларды сұрыптай отыра жарамдыларын ғана қабылдап, жарамсызын шығарып тастайды... Тіл – ой маржаны, ойсыз тіл жоқ... Арман – сөздің қаймағы, нәртұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі. Қиялсыз адам – дәрменсіз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

... Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз.

...Былғаныш наданнан таза ғылым қандай жиренсе, таза ғалымнан былғаныш надандар сондай жиренетіні анық.

Ш.Құдайбердиев.

**Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу,
дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау**

Тау, өзен, бұлақ сөздеріндегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу.

Б: Тау, өзен, бұлақ = 0 = x / y = ?

Ш: 12 о = 5x / 6y;

а) 6x = 4 (4x) / 2 (2x);

ә) 6x = 2 (2x) U 2 (2x) / 2 (2x);

б) 6x = 3 (3x) / 3 (3x) ;

а) 6y = 2 (2y) U 2 (2y) / 2 (2y);

ә) 6y = 3 (3y) U 1y / yØ U 1 (y) U 1 (y);

б) 6y = 1 (y) U 1 (y) U 2 (2y) U 1 (y) U 1 (y).

1-жаттығу.

Мұхит, теңіз, көл сөздеріндегі дыбыстарды жоғарыдағы үлгі бойынша белгісіздікпен өрнектеп, ауызша толық баяндап беріңіздер.

2-жаттығу.

Өлеңді жаттап, асты сызылған сөздерге жазбаша фонологиялық талдау жасаңыздар.

Қазақстан

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!

Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіrentкен тау ішін,
Дарияңның ағысын
«Сүйем!» десем - бәрі шын,
Қазақстан - намысым!

Әрбір тасы - киелім,
Әр уығы - жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,

Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан - жыр елім!

Шаңырағың - шырағым
Топырағың - тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан - қыраным!

Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан - көз жасым!..

Ұлықбек Есдәулетов

3-жаттығу.

Мәтінді оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндап беріңіздер.

Асыл сөз

Баяғыда елді хан билепті, халық ханнан зар илепті. Істейтін ісі жоқ, ауырайын десе, ауруы жоқ, еріккен ханның ермегі ел болыпты. Сол зұлым хан бір күні уәзірлерін шақырып алып:

– Кейінгілер, бізді мадақтап жүруі үшін, бір аталы сөз қалдырайық, – депті.

– О, бәрекелді! – деп шулапты уәзірлері.

Асыл сөз табамын деп хан уәзірлері әрі ойлап, бері ойлапты, бірақ түк таппапты .

– Осыдан ертеңге дейін сол сөзді таппасаңдар, бәріңнің де бастарыңды аламын! – депті хан.

Әбден сасқан уәзірлері ертеңіне көшеден бір шалды ұстап алып, ханға әкеліпті.

– Көпті көріп, көп жасаған кісі тапса, осы табады, тақсыр, депті олар ханға. Ханның қаһары енді қартқа төніпті. Шал ойлануға үш күн мұрсат сұрапты. Байғұс шал үш күннің қалай өткенін де аңдамапты. Қарт мерзімді уақытта келмеген соң, хан мен уәзірлер оны іздеуге шығыпты. Шалды олар өзен жағасында отырған жерінен тауыпты. Қартқа қаһарын тіккен хан оны суға батырындар деп бұйырыпты. Бата жаздап, су бетіне шыққан шалға уәзірлер тағы да ұмтылғанда, шал:

– Босатындар, таптым, – депті. Судан шыққан шал: “Көп қорқытады, терең батырады”, – деп жөніне жүре беріпті. Қарттың бұл мақалын хан “Мен таптым”, – деп көкіпті. Бірақ мақал хан сөзі болмай, халықтың өз сөзі болып, кейінгіге жетіпті.

Мұзафар Әлімбаев.

ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ

4-жаттығу.

Нақыл сөздерді оқып, ой толғау жасаңыз. Ана тілі туралы сіз не айтар едіңіз?

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.

Ж.Баласағұн.

Тіл аса мейірбандықты керек етеді. Қисық тілді шығарма сақау адам секілді, кәрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады, балаң авторды үстіртікке үйретеді. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі.

І.Омаров.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті.

Ғ.Мұстафин.

Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл өз орнында ұлы, әр тіл бүкіл адамзат қазынасының ортақ политрасындағы өз өрнегімен қымбат.

Ш.Айтматов.

Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілін ғылым жолына салынып реттесе, шебер жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

Х.Досмұхамедұлы.

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті. “Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі”.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Бірінші басшының 12 қасиеті:

- Бұл адамның дене мүшелері мүлтіксіз, мінсіз, мүсіндей әдемі, иман жүзді болуға тиіс.
- Жаратылысынан өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты һәм тез ұғып ала алатын, аса зерек болуы керек.
- Ол өзі түсінген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын адам болсын. Әйтеуір, бір заттың титтей ғана нышанын байқап қалған сәтте, сол нышанның ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз, асқан ақылды адам болсын.
- Алғыр ақыл, өткір сөз, терең ой иесі және жадына жинағанының бәрін айдан-анық етіп бере алатын шебер де шешен болуы шарт.
- Ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыларға жұмсалатын еңбектен жалықпай, қиналып-азаптанбай, бұған шын іңкәрлікпен кірісіп, көздеген мақсатына оңай, жеңіл жететін адам болуы керек.
- Тағамға, ішімдікке, сайран-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болғаны жөн.
- Жаратылысынан сауық құмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жиіркене қарауы тиіс.
- Шындықты һәм шыншыл адамдарды сүйіп, керісінше, жалғандықты және сол жалғандық пен өтірік-өсекті таситын адамдарды жек көруі керек.
- Жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам болуы қажет.
- Оның жан жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуы тиіс.
- Бүкіл болмыс-бітімімен әділдікті сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын. Пасықтық атаулыға рақымсыз болғаны жөн.
- Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер-шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет.

Әбунасыр әл-Фараби.

Сатылай кешенді талдау үлгісі бойынша жасалған тестік тапсырмалар

Білімдарлығының

1. а) Аралас буынды сөз
ә) Жіңішке буынды сөз
б) Жуан буынды сөз
2. а) 7 буынды сөз
ә) 6 буынды сөз
б) 8 буынды сөз
3. а) 3 бітеу, 4 ашық буын
ә) 3 ашық, 3 бітеу буын
б) 3 ашық, 3 тұйық буын
4. а) Тасымалданбайды
ә) Тасымалданады
б) 1 буынды сөз
5. а) 5 түрлі жағдайда тасымалданады
ә) 4 түрлі жағдайда тасымалданады
б) 6 түрлі жағдайда тасымалданады
6. а) Екпін **-ғы** буынындағы **ы** дауысты дыбысына түсіп тұр
ә) Екпін **-ның** буынындағы **ы** дауысты дыбысына түсіп тұр
б) Дұрыс жауабы жоқ
7. а) Буын үндестігі бар
ә) Буын үндестігі жоқ
б) Қосымшасыз сөз
8. а) Дыбыс үндестігі, түбір мен бірінші қосымшаның, бірінші қосымша мен екінші қосымшаның, екінші қосымша мен үшінші қосымшаның, төртінші қосымшамен бесінші қосымшаның арасында ілгерінді, үшінші қосымша мен төртінші қосымшаның арасында кейінді ықпал бар
ә) Дыбыс үндестігі, түбір мен бірінші қосымшаның, бірінші қосымша мен екінші қосымшаның, үшінші қосымша мен төртінші қосымшаның, төртінші қосымшамен бесінші қосымшаның арасында ілгерінді, екінші қосымша мен үшінші қосымшаның арасында кейінді ықпал бар
б) Дыбыс үндестігі жоқ

- ↓
9. Сөздегі дыбыстың саны:
а) 14
ә) 15
б) 16
- ↓
10. Дауысты дыбыстар:
а) 8
ә) 6
б) 7
- ↓
11. Жуан дауыстылар:
а) 5
ә) 3
б) 4
- ↓
12. Жіңішке дауыстылар:
а) 2
ә) жоқ
б) 1
- ↓
13. Ашық дауыстылар:
а) 1
ә) 3
б) 2
- ↓
14. Жартылай ашық:
а) 1
ә) 2
б) жоқ
- ↓
15. Қысаң дауыстылар:
а) 5
ә) 6
б) 8
- ↓
16. Еріндік дауыстылар:
а) 3
ә) жоқ
б) 2
- ↓
17. Езулік дауыстылар:
а) 5
ә) 6
б) 7


- ↓
18. Дауыссыз дыбыстар:
а) 9
ә) 10
б) 8
- ↓
19. Қатаң дауыссыздар:
а) 3
ә) 1
б) жоқ
- ↓
20. Ұяң дауыссыздар:
а) 2
ә) жоқ
б) 1
- ↓
21. Үнді дауыссыздар:
а) 8
ә) 6
б) 7
- ↓
22. Шұғыл дауыссыздар:
а) 2
ә) 4
б) 5
- ↓
23. Ызың дауыссыздар:
а) 3
ә) 1
б) жоқ
- ↓
24. Діріл дауыссыздар:
а) 1
ә) жоқ
б) 2
- ↓
25. Ауыз жолды дауыссыздар:
а) 2
ә) жоқ
б) 3
- ↓
26. Мұрын жолды дауыссыздар:
а) 3
ә) 4
б) 2

Қызығушылықтарын

1. а) Аралас буынды сөз
ә) Жуан буынды сөз
б) Жіңішке буынды сөз
... буынды сөз. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар ... дауыстылар.
2. а) 7 буынды сөз
ә) 8 буынды сөз
б) 9 буынды сөз
Бұл сөз ... болып ... буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында ... дауысты дыбыс бар.
3. а) 6 ашық, 1 бітеу буын бар
ә) 1 тұйық, 1 бітеу, 5 ашық буын бар.
б) 5 ашық, 2 бітеу буын бар
Себебі...
4. а) 5 жағдайда тасымалданады
ә) 6 жағдайда тасымалданады
б) 4 жағдайда тасымалданады
Себебі, сөз .. буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.
5. а) Екпін **рын** буынындағы **ы** дауысты дыбысына түсіп тұр
ә) Екпін **та** буынындағы **а** дауысты дыбысына түсіп тұр
б) Дұрыс жауабы жоқ
6. а) Буын үндестігі бар
ә) Буын үндестігі жоқ
б) Түбір сөз.
Бұл сөзде түбір мен қосымшаның, қосымша мен қосымшаның арасында буын үндестігі ...
Себебі...
7. а) Дыбыс үндестігі жоқ
ә) Дыбыс үндестігі бар
б) Туынды түбір
Себебі....

Қазақстандықтардың

1. а) Аралас буынды сөз
ә) Жіңішке буынды сөз
б) Жуан буынды сөз
2. а) 6 буынды сөз
ә) 7 буынды сөз
б) 5 буынды сөз
3. а) 1 ашық, 5 ашық буын
ә) 1 ашық, 5 тұйық буын
б) 1 бітеу, 5 ашық буын
4. а) Тасымалданады
ә) Тасымалданбайды
б) Бір буынды сөз
5. а) 4 түрлі жағдайда тасымалданады
ә) 6 түрлі жағдайда тасымалданады
б) 5 түрлі жағдайда тасымалданады
6. а) Екпін сөздің соңғы буынына түседі
ә) Екпін сөздің соңғы буынына түспейді
б) Дұрыс жауабы жоқ
7. а) Буын үндестігі бар
ә) Буын үндестігі жоқ
б) Қосымшасыз сөз
8. а) Дыбыс үндестігі жоқ
ә) Дыбыс үндестігі бар
б) Түбір сөз
9. а) Тоғыспалы ықпал бар
ә) Кейінді ықпал бар
б) Ілгерінді ықпал бар
10. Сөздегі дыбыстың саны:
а) 19
ә) 18
б) 16



11. Дауысты дыбыстар:

- а) 5
- ә) 6
- б) 7

12. Жуан дауыстылар:

- а) 6
- ә) жоқ
- б) 7

13. Жіңішке дауыстылар:

- а) 2
- ә) жоқ
- б) 4

14. Ашық дауыстылар:

- а) 5
- ә) 4
- б) жоқ

15. Жартылай ашық дауыстылар:

- а) 1
- ә) жоқ
- б) 2

16. Қысаң дауыстылар:

- а) 3
- ә) жоқ
- б) 4

17. Еріндік дауыстылар:


- а) 4
- ә) 5
- б) 6

18. Езулік дауыстылар:

- а) 2
- ә) жоқ
- б) 1

19. Дауыссыз дыбыстар:

- а) 13
- ә) 12
- б) 11



20. Қатаң дауыссыздар:

- а) 6
- ә) 5
- б) 4

21. Ұяң дауыссыздар:

- а) 3
- ә) 5
- б) 2

22. Үнді дауыссыздар:

- а) 5
- ә) 2
- б) 4

23. Шұғыл дауыссыздар:

- а) 7
- ә) 8
- б) 6

24. Ызың дауыссыздар:

- а) 3
- ә) 2
- б) 4

25. Ауыз жолды дауыссыздар:

- а) жоқ
- ә) 2
- б) 1


26. Мұрын жолды дауыссыздар:




- а) 2
- ә) 3
- б) жоқ

27. Діріл дауыссыздар:

- а) 2
- ә) 1
- б) жоқ

Жетістіктерге






Бір сөзге толық сатылай кешенді талдаудың үлгісі

Кітаппен

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – **аралас буынды сөз**. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жіңішке, жуан және жіңішке болып араласып келіп тұр.

2. Бұл сөз: **кі – тап – пен** болып үш буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар.



3. Бұл сөз:

Кі –		болып екі жағдайда тасымалданады.
тап –		Себебі, сөз үш буыннан тұр немесе сөз буын
пен		жігіне сәйкес тасымалданған.

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **пен** буынындағы **е** дауысты дыбысқа түсіп тұр.

х х /
Кітаппен

5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі, **(-пен)** көмектес септігінің жалғауы буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың қатарына жатады. **Кітаппен – Ø**

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар. Себебі, түбірдің соңғы дыбысы **п** қатаң болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының **п** қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын **(-бен)**; үндіден басталатын **(-мен)** нұсқаларын алмаймыз.

Кіта п + п ен – ~~(-бен)~~; ~~(-мен)~~

Кітаппен сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру:

$$\text{Берілгені: Кітаппен} = 0 = \frac{\square}{\Delta} = ?$$

$$\text{Шешуі: Кітаппен} = 80 = \frac{3 \text{ (i, a, e) дауысты } 0}{5 \text{ (к, т, 2 п, н) дауыссыз } 0};$$

↙ Себебі...
↘ Себебі...

а) Тілдің қатысына қарай:

$$3\square = \frac{1 \text{ (a) тіл арты немесе жуан } \square}{2 \text{ (i, e) тіл алды немесе жіңішке } \square};$$

↙ Себебі...
↘ Себебі...

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:

$$3\square = \frac{1 \text{ (a) ашық } \square + 1 \text{ (e) жартылай ашық } \square}{1 \text{ (ү) қысаң } \square};$$

↙ Себебі...
↘ Себебі...
↘ Себебі...

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

$$3\square = \frac{\square\emptyset}{3 \text{ (i, a, e) езулік } \square} \longrightarrow \text{Себебі...}$$

Мазмұны

Кіріспе	3
Фонетика	
Фонетикалық бірліктерді сатылай кешенді талдау.....	5
Дауысты дыбыстардың жіктелуі.....	5
Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі.....	17
Сөзсазындық талдау.....	30
Сөзсазындық талдауды ықшамдау принципімен өрнектеу.....	68
Сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу.....	72
Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу.....	75
Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау.....	79
Сатылай кешенді талдау бойынша жасалған тестік тапсырмалар.....	83